ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ БАНКІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

Аннотация

Бұл мақала Қазақстандағы ислам қаржы құралдарының барынша көп санын іс жүзінде қолдануды ашады, ол ислам қаржысының толыққанды дамуына кедергі келтіретін барлық кемшіліктерді анықтауға және кейіннен жоюға ықпал етеді.

Кілт сөздер: *исламдық қаржыландыру, шариғат, банк, банк операциялары, инвесторлар, экономика.*

Barysheva Zh.B.¹

¹Baishev University

ISLAMIC FINANCE AND THE ISLAMIC BANK IN KAZAKHSTAN

Abstract

This article reveals the practical application of the largest possible number of Islamic financial instruments in Kazakhstan, which contributes to the identification

and subsequent elimination of all shortcomings that impede the full development of Islamic Finance.

Key words: *Islamic Finance, Sharia, Bank, banking, investors, economy.*

MPHTI 06.73.75

*Бухарбаев Ш.М.¹, Адилулы Т.¹
¹«Баишев университеті» мекемесі*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА НЕСИЕЛІК ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТИЛЕРІ

Аннотация

Мақалада несие, несиелік қатынастардың қалыптасу жағдайлары келтірілген. Несиенің пайда болу және даму мүмкіндігі капиталдың ауыспалы айналымымен байланысты. Капиталдың негізгі және айналымды қозғалысы процесінде ресурстарды босатып алу жүреді.

Кілт сөздер: *коммерциялық банктер, несие, несиелік қатынастар, несие түрлері.*

Несиe – қарызға ақша немесе тауар беру, ереже бойынша, процент төлеумен; құндық экономикалық категория тауар – ақша қатынасының бөлінбес элементі. Несиенің пайда болуы айырбас саласымен тікелей байланысты, бұл жерде тауарлар иелері экономикалық қатынасқа түсуге дайын, меншіктенушілер ретінде бір – біріне қарсы тұрады.

Несиенің пайда болу және даму мүмкіндігі капиталдың ауыспалы айналымымен байланысты. Капиталдың негізгі және айналымды қозғалысы процесінде ресурстарды босатып алу жүреді. Еңбек құралдары өндіріс процесінде ұзақ уақыт қолданылады, олардың құны дайын өнімдер құнына бөлшекті беріледі.

Негізгі капитал құнының ақша нысанында біртіндеп қайта құрылуы, босатып алынған ақшалай қаражаттың кәсіпорынның есеп шотында тұрақталып қалуына әкеледі. Сонымен қатар, басқа полюсте тозығы жеткен еңбек құралдарын алмастырудың және жеткілікті ірі бірмезгілдік жұмсалатын қаражат қажеттілігі пайда болады. Сипаттамасы бойынша ұқсас процестер айналымды капитал қозғалысында жүреді. Одан өзге, бұл жерде ауыспалы айналымдағы және айналымдағы ауытқулар өздерін әртүрлі айқындайды. Мысалы, өндірістің маусымдылығына, жеткізудің әркелкілігіне және басқаларға байланысты, өнімдердің құрылуы мен айналу уақыты дәл келмейді. Бір субъектілерде қаражаттың уақытша артықшылығы пайда болады, ал екіншісінде керісінше - олардың жетімсіздігі. Бұл несиелік қатынастың пайда болу мүмкіндігін туғызады, яғни несиe қаражаттың уақытша тұрақтап қалуы

мен қажеттілігі арасындағы, олардың шаруашылықта қолданылуының салыстырмалы қарама-қайшылығын шешеді.

Экономикадағы несиелік қатынастар белгілі бір әдістемелік негізге орналастырылады, оның бір элементі болып несиелік капиталдар нарығындағы кез – келген операцияны практика жүзінде ұйымдастыру кезінде қатаң сақталатын принциптер табылады. Бұл принциптер несиенің өркендеуінің бірінші кезеңінде жағдайлық тәртіпте құралды, содан соң жалпы мемлекеттік және халықаралық несиелік заңдарында тікелей бейнеленді.

Несие капиталынан алынған жылдық табыс сомасының берілген несие сомасына қатынасы ретінде анықталатын несие процентінің мөлшерлемесі (немесе мөлшері), несие ресурстарының бағасы ретінде алынады.

Несие бағасы, тауарлар өндірісінде еңбектің қоғамдық қажетті жұмсалуды анықтаушы элемент болатын, басқа тауарлар түрінің баға белгіленуінің дәстүрлі механизмінен принципті ерекшелене отырып, сұраныстың жалпы қатынасын және несие капиталы нарқындағы ұсыныстарды кескіндейді және бірқатар факторларға тәуелді болады, оның ішінде таза конъюктуралық сипаттағы:

- нарықты экономиканың өркендеуінің айналсоқпалылығы (күлдырау кезеңінде несие проценті, қағида бойынша, артады, ал тез көтерілу кезеңінде – төмендейді);
- инфляциялық процесс қарқындылығы (практикада несие процентінің жоғарылауынан бірнеше қалып отырады);
- орталық банктің коммерциялық банктерге несие беру процесінің есептелу саясаты арқылы жүзеге асатын мемлекеттік несие беруді реттеудің тиімділігі;
- халықаралық несие нарықындағы жағдайлар (мысалы, АҚШта 80 жылдары жүргізілген несиені қымбаттату саясаты шетелдік капиталды америка банктеріне тартуды шарттады, бұл сәйкес ұлттық нарықтар жағдайына әсер етті);
- жеке және заңдық тұлғалардың ақшалай қорларының динамикасы (оларды қысқарту тенденциясы кезінде, несие проценті, қағидалы, артады);
- әлеуетті қарызгерлердің сәйкес категорияларының тұтынушылық және несиелік ресурстарын анықтайтын өндіріс пен айналым динамикасы;
- өндірістің мерзімділігі (мысалы, Ресейде несие процентінің мөлшерлемесі тамыз және қыркүйек айларында дәстүрлі жоғарылайды, бұл Қиыр Солтүстікке тауарлар жеткізуге арналған несиелер және аграрлық несиелер беру қажеттілігімен байланысты);
- мемлекет беретін несиелер мөлшері мен оның қарыздары арасындағы қатынастар (несие проценті ішкі мемлекеттік қарыздың жоғарылауы кезінде тұрақты түрде артады).

Сонымен несие – бұл уақытша қолдануға берілген құн мәселесі бойынша несиегер мен қарызгер арасында туатын экономикалық қатынас.

Коммерциялық банктермен кәсіпорындарға несиені беру несиелік шарт негізінде жүзеге асады, оны басқаша банктік несиенің шарты депте атайды. Несиені беру ережесін, тәртібін, этаптарын және несиелік шарт жасасу жағдайларын коммерциялық банк Ұлттық Банктің пікірлері мен нұсқауларын еске ала отырып өз бетінше әзірлейді.

Анықтау бойынша несиенің, бұл бір жақтың екінші жаққа қарызға берген, рулық белгілермен біріккен, ақшалай қаражат немесе басқалай заттар. Демек, несиелік құқықтық қатынас ретінде беру (қайта беру), қолдану және ақша қаражатын немесе басқа заттарды қайтару шартының салдарынан пайда болатын барлық құқықтық қатынастар қабылданады. Практикада несиенің таза түрінде (қарыздар, банктік несиелер), сонымен қатар әртүрлі азаматтық – құқықтық міндеттемелердің құрама бөлігі түрінде қызмет ете алады.

Банктік несиенің, оның рәсімделуіне қойылатын талаптар, несиенің басқа түрлерінен айрықшаланатын белгілі бір ерекшелікті болады. Бәрінен бұрын, банктің тапсырыскермен несиелік қатынасы мерзімділік, қайтарымдық, ақылшылық және несиенің қамтамасыздығы принциптерінде құрылатынын және шартпенен рәсімделетінін айта кету керек. Банктік несиенің келесідей ерекшеліктерімен айрықшалады.

Біріншіден, бұл құқықтық қатынастар арнайы субъектілік құраммен сипатталады: осы жағдайда несиенің ретінде банк немесе басқа несиенің беру ұйымы түседі, ол ретті, кәсіпқойлы Орталық Банспен арнайы берілген рұқсат (лицензия) негізінде, өз қызметінің басты мақсаты ретінде, пайданы бөліп алу үшін осындай тектегі операцияларды іске асырады. Екіншіден, егер қарыз шарты бойынша әлде тауарлық немесе коммерциялық несиенің беру нәтижесінде шарттың мән – мағанасы болып тек ақша қаражаты емес, сонымен қатар рулық белгілермен анықталған басқада заттар табылса, онда банк несиесі шартының мән – мағанасы болып тек қана ақша қаражаты табылады.

Үшіншіден, банк несиесі шартының ерекшелігі болып оның өтемді сипаты табылады, яғни тапсырыскердің белгілі бір мерзім ішінде, несиенің беру ұйымының ақшалай қаражатын қолданғаны үшін процент төлеуі. Қарыздың кәдімгі шартының ерекшелігінде осында, жақтардың құқықтық қатынасының өтемді және өтемсіз сипаттамаларын көрсетеді. Төртіншіден, несиенің қамтамасыз етілуі. Несиенің өз уақытында қайтаруды қамтамасыздандыру ретінде банктер кепілзат, кепілгерлік, басқа банктің кепілдігін қабылдайды, сонымен қатар банк практикасында қолданылатын басқа нысандағы міндеттемелерді де қабылдайды. Бесіншіден, несиенің шартының қарыз шартынан ерекшелігі, несиенің шарты қарыз қаражатының нақты мақсаттарының көрсетілуімен, мақсатты қолдану талаптарын енгізеді.

Алтыншыдан, несиелік шарт міндетті түрде жазбаша нысанда қортындыланады. Мұндай рәсімделудің міндеттілігі әрекеттегі заңменен анықталған, жәнеде жазбаша нысанды сақтамау несиелік шарттың күшінің жойылуына әкеледі.

Жетіншіден, әрекеттегі заңға сәйкес несиенің шарты бойынша ақша қаражаты кәсіпорындық – қарызгерге тек қана қолма – қол ақшасыз нысанда ғана берілуі мүмкін.

Коммерциялық банктермен кәсіпорындарға несиенің беру несиелік шарт негізінде жүзеге асады, оны басқаша банктік несиенің шарты депте атайды. Несиенің беру ережесін, тәртібін, этаптарын және несиелік шарт жасасу жағдайларын коммерциялық банк Орталық Банктің пікірлері мен нұсқауларын еске ала отырып өз бетінше әзірлейді.

Сол немесе басқа қарызгерге несиенің берудің тиімділігі туралы мәселені шешу үшін соңғысы коммерциялық банкке келесідей анықталған құжаттар жинағын беруге міндетті:

- несиенің алуға арналған тапсырыс;
 - қарызгердің құрылтайлық құжаттарының, нотариалды расталған, көшірмесі (кәсіпорынды тіркеу туралы куәлік, жарғысы, құрылтайлық шарт);
 - салық инспекциясымен расталған, соңғы есеп беру мерзімінің балансы;
 - жобаның өтелу мерзімінің техника-экономикалық негіздемесі;
 - мәмілені мақұлдайтын шарттар (контракттар) көшірмесі;
 - нотариуспен расталған кәсіпорын жетекшісінің, бас бухгалтерінің қолдарының үлгісі бар банк карточкасы мен мөрдің оттискісі;
 - несиенің қамтамасыз етілетінін мақұлдайтын құжаттар (кепілзат шарты, кепілгерлік шарты, банк кепілдігі және т.б.).
- Қарызгердің қаржылық күйіне және басқада міндеттемелеріне тәуелді көрсетілген тізім оданда кең ауқымда болуы мүмкін.

Берілген құжаттарды талдау нәтижесінде, сонымен қатар, мүмкін, қарызгердің шаруашылықты – қаржылық қызметінің нәтижелеріне зерттеу және бағалау жүргізумен – оның іскерлік абыройын, төлеу қабілеттілігін (әсіресе, айтулы мерзімге жеткілікті ірі сома берілу туралы мәселе қаралған кезде) – несиенің беру туралы шешім қабылданады. Несиелік мәмілелерді рәсімдеу шарт жасасу жолымен жүргізіледі. Несиенің саясаты несиенің бағасы мен валютасы сияқты несиенің беру маңызды шарттарын анықтайды. Несиенің бағасы басқа қаржы институттарымен ұсынылатын сыйақыдан, банк активтері мен пассивтерінің экономикалық құнынан, Орталық Банктің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінен, несиеленетін жоба және басқа факторлар құрамдарының рыноктағы мөлшерлемелерінен құрастырылатын сыйақыға (мүддеге) тәуелді қалыптасады.

Несиенің валютасы қаржыланатын жоба сипаттамасына және валюталық рыноктың ағымдағы күйіне байланысты Несиенің комитетімен анықталады. Несиенің сыныптауды, дәстүрлі түрде бірнеше базалық белгілер бойынша жүзеге асыру қабылданған, олардың ішінде ең маңыздысына жататындар, несиенің беру мен қарызгердің категориялары, сонымен қатар нақты несиенің берілетін нысанды жатқызуға болады. Осыны ескере отырып несиенің келесідей алты жеткілікті дербес нысандарын бөліп көрсетуге болады, олардың әрқайсысы өз кезегінде бөлшектеле сыныпталу параметрлері бойынша бірнеше түрлерге бөлінеді.

Банктік несие. Экономикадағы несиелік қатынастың ең кең тараған нысаны, оның объектісі болып несиеге тікелей ақша қаражатының берілу процесі түседі. Несиенің айрықша нысаны шетелдік көздерде тек тарихи жоспарда қарастырылады, дегенмен қазіргі жағдайларда белгілі бір шамада таралады. Көптеген елдер үшін, несиелік қатынастың жиынтығы ретінде, қазіргі уақытта бірімділікті жасырын сипатты болады, яғни әрекеттегі заңмен тікелей тиым салынған. Тәжірибеде несие жеке тұлғалардың несие беру жолымен жүзеге асады. Экономикадағы несиелік қатынастар белгілі бір әдістемелік негізге орналастырылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «ҚР-ғы банктер мен банктік қызмет туралы ҚР заңы» 31 тамыз 1995 ж.
2. Мақыш С.Б. Коммерциялық банктер операциялары. Оқу құралы. 2-ші басылымы, қайта өңделген және толықтырылған. – Алматы: ИздатМаркет, 2014.
3. Хамитов Н.Н. Банк ісі: Лекциялар курсы. - Алматы, 2014.

Бухарбаев Ш.М.¹, Адилулы Т.¹

¹*Учреждение «Баишев университет»*

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ КРЕДИТНЫХ ОПЕРАЦИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация

В данной статье рассматриваются варианты формирования кредитных отношений, видов кредита в РК. Вероятность возникновения и развитие кредита, кредитных отношений зависят от ряда экономических условий.

Ключевые слова: *коммерческие банки, кредит, кредитные отношения, виды кредитов.*

Bukharbaev Sh.¹, Adiluly T.¹

¹*Baishev University*

THEORETICAL ASPECTS OF DEVELOPMENT OF CREDIT OPERATIONS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

This article discusses the options for the formation of credit relations, types of credit in Kazakhstan. The probability of occurrence and development of credit, credit relations depend on a number of economic conditions.

Key words: *commercial banks, credit, credit relations, types of loans.*

МРНТИ 06.52.17

Еділқызы І.¹, Баймукашева Ж.З.¹
¹«Башиев университеті» мекемесі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИНДУСТРИЯЛЫҚ- ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ

Аннотация

Бұл мақала Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуының негізгі кезеңдерін, Республиканың үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасын табысты іске асырудың қорытындыларын көздейді. Біздің мемлекетіміздің даму жолын айқындайтын елдің негізгі құжаттары мен ауқымды бағдарламаларын жан-жақты қарастырайық.

Кілт сөздер: *Инновациялық үдеріс, жаңа технология, тауар сапасы, инновация, ғылым, техника.*

Бүгінгі таңда инновациялық типті экономикаға жалпы дүние жүзінің көптеген елдері енуде. Кейбір аса дамыған елдер инновацияны дамытуды ертеректе бастап кеткен. Әлемнің көптеген мемлекеттері экономикалық дамуды жоспарлағанда инновациялық қызметке аса көп көңіл бөлуде. Ғылым, техника, технология саласындағы жетістіктер экономикалық жүйенің даму деңгейін анықтайтын көрсеткішке айналды.

Инновациялық үдеріс — идеяның инновациялық тауарға айналуы, яғни инновациялық жобаны іске асыру үдерісі. Инновациялық жобаның мақсаты — жаңа технологиялық, техникалық, ақпараттық, экономикалық, ұйымдастырушылық жүйені құру немесе қолданыста бар жүйені өзгерте отырып, ресурстар шығынын азайтып, тауар сапасын тамырымен жақсарту арқылы жоғары тиімділік пен экономикалық өсуге қол жеткізу.

Индустриялық өндірістің тұрақты өсу тенденцияларын нығайту және оның құрылымдық өзгерістерін жақсарту үшін отандық индустрияны дамыту мәселелерін кешенді түрде шешу бағдарын қарастыратын, 2015 жылға дейінгі мерзімге арналған жаңа мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясатты ұстанып, жүзеге асыру мүмкін болды. Өйткені, мұндай әрекет индустрия саясатына кешендік сипатты бере отырып, осы саланың даму деңгейі мен қазіргі жағдайын қалыптастыру мақсатын көздеген саясаттарды орындау барысында қателіктер мен кемшіліктердің пайда болуын тежеуге мүмкіндік берді. [1].

Қазіргі таңда инновациялық жобалардың түрлері өте көп: жаңа тауар, жаңа қызмет түрі, өндірістің жаңа тәсілі, басқарудың жаңа тәсілі, жаңа нарық, жаңа шикізат көзі. Біздің жас егеменді мемлекетіміз үшін инновациялық жобалардың көптеп болуы экономиканы алға қозғаушы күшке айналмақ. Шикізат бағытынан қол үзуге ықпал ететін инновациялық жобаларды қолдану және экономика салаларын әртараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуына қол

жеткізу, ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін жағдай жасаудың маңызы зор.

Инновациялық жобаны жасау негізінен 2 стадиядан тұрады. 1.Инвестициялау алды (инновациялық идеяны іздеу, ғылыми және маркетингтік зерттеулер жүргізу, ғылыми-техникалық негізін қалыптастыру). 2.Инвестициялық (ақша қаражаттарын жұмылдыру және жобаны материалдық жүзеге асыру).

Бірінші стадияда қалыптасқан проблемалар бойынша мамандарды және жұмысшы кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қазіргі заманғы жүйесінің болмауы елімізде инновациялық идеялардың аздығының басты себебі болып табылады. [2]

Сондықтан, Білім беру секторы барлық елдер экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін басты «отты нүктелердің» бірі болып отыр. Елдегі білім берудің жалпы деңгейін көтермей, Қазақстан тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізе алмайды.

Аталған өзекті проблемаларды шешуде келесідей жолдарды жүзеге асыру оң нәтиже береді деп ойлаймыз:

Біріншіден, инновациялық жобаларды отандық және шетелдік қаржы институттарымен бірлесіп венчурлық қаржыландыру тетіктерін әзірлеу және іске асыруды белсенді түрде жалғастыру. Венчурлық қорларды құру инновациялық қызметке жеке капиталдың тартылуына, олардың қаупін төмендетуге, инновациялардың коммерцияландыру саласында мемлекет пен жеке кәсіпкерліктің өзара тиімді әсерлесу механизмінің қалыптасуына көмектеседі.

Екіншіден, инновациялық менеджментті жетілдіру. Инновациялық жобаны іске асыруды және инновациялық процестерді басқару, сондай-ақ ұйымдастыру шараларын жүргізуші инновациялық менеджменттің ғаламдық үрдістерден артта қалуы басты мәселелерінің бірі болып табылады. Сондықтан, инновациялық сала үшін мамандар даярлау мақсатында республикамыздың жетекші университеттерінде және ЖОО-да инновациялық жобаларды басқару жөніндегі менеджерлер, инновациялық кәсіпорындар үшін инженерлік-техникалық мамандар даярлауға, сондай-ақ мамандарды қайта даярлауға көп көңіл бөліп, бағдарланған кешенді білім беру бағдарламасын әзірлеу қажет.

Үшіншіден, елімізде ғылым мен ғылыми-техникалық қызметтерге қаржы бөлу өте аз, оның көлемі 0,9 % құрап отыр.

Төртіншіден, Инновациялық жобаларға негізделген гранттарды ұсыну көптеген жаңа идеялардың ашылуына мүмкіндік береді. Біздің еліміздегі қазіргі кездегі үдерістер конкурсты жылына бір рет өткізуді қарастырады. Дегенмен, конкурстарды жиі өткізіп тұру тиімдірек болар еді. Инновациялық жобалар экономикалық өсудің басты тетігі екені белгілі. [3]

Жаңа заманауи ғылыми-техникалық жетістіктерді кеңінен пайдалану келесідей оң нәтижелер береді: еңбек өнімділігінің артуы, экологиялық жағдайдың жақсаруы, халықтың денсаулығы мен әл-ауқатының көтерілуі, бәсекеге қабілетті жаңа экспорттық өнімдердің шығарылуы, экспорттық

әлеуеттің әртараптандырылуы, өндірістік үдерістің тиімді ұйымдастырылуы, уақыт үнемділігі.

Қазақстанда инновацияны қалай дамытамыз? Ол үшін өндіріске жаңа технологияларды ойлап тауып, еңгізу қажет. Әрине жаңа технологияларды бірден ойлап тауып еңгізе салуға болмайды. Бұл процестің өзі бірнеше элементтерден тұрады.

Сонымен Қазақстанда инновацияны дамытудың қандай элементтерін айтуға болады?

Біріншіден, ғылыми әлеуетті дамыту қажет.

Екіншіден, венчурлық капитал түріндегі қаржылық қорлар кластерін тұрғызу керек.

Үшіншіден, технопарктер мен бизнес инкубаторлар түріндегі инновациялық қызмет субъектілерін құру және инновациялық кәсіпкерлікті дамыту қажет.

Отандық өнімдердің халықаралық рыноктардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруда әлемдік стандарттар мен сертификаттарға көшудің маңыздылығы зор. Яғни, шығарылатын өнімдеріміздің әлемдік стандарттарға сай келуіне баса назар аударуымыз қажет. Әрине, бұл үшін шығарылатын өнімнің сапасын әлемдік деңгейге дейін көтеру қажет, осы мақсатта сапаның ИСО-9000 халықаралық стандарттарын еңгізу бойынша да біраз іс-шаралар атқарылды.

Индустриалды-инновациялық саясат ел экономикасындағы шикізаттық бағытты ауыстырып, экономикалық дамуда жүйелі ілгерілеуге, шикізаттық емес саладағы өндірістерді құруға, сонымен қатар жұмыс істеп тұрған өндірістерді техникалық жағынан жетілдіруге, жаңа өнім түрлерінің көбеюіне және жаңа жұмыс орындарының айтарлықтай өсуіне мүмкіндік береді.

Елдің индустриалды-инновациялық өсуін қамтамасыз ету, сонымен бірге өркендеп келе жатқан экономиканың мұқтаждарын қанағаттандыру мақсатында шикізаттық емес саладағы өндірістерді құру және оны жаңарту – мемлекеттің ұлттық экономиканы дамытудағы құралы және объектісі болып саналатындығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының инновациялық қызметін дамыту үшін елдің экономикалық қызығушылығындағы отандық кәсіпорындар базасында инновациялық өндірісті дамыту және жақсартуға бағытталған инновациялық климат жасалуы қажет. Елдің инновациялық дамуына мемлекет араласпаса, күтіліп тұрған нәтижелерге әкелмейді, сол себепті инновациялық және инвестициялық саясаттың іске асырылуы жеке зерттелуі мемлекеттік бақылаудың немесе реттеудің объектісі болып қалуы керек. Индустриалды-инновациялық даму — Қазақстанды қазіргі дағдарыстың дауылынан мейлінше аз шығынмен алып шығатын жол. Біз жаңа технологияларды игеріп, инновациялық өсуді қолдаған жағдайда ғана дағдарыстың зардаптарынан тезірек құтыламыз.

Инновациялар ғылыммен, конструкторлық-технологиялық базалармен, нақты сектордағы мекемелермен және т. б. институттар мемлекеттік индустриалды-инновациялық саясатпен өзара қарым-қатынаста технологиялық

өрлеудің негізіне айналады. Бұл ғылыми орталықтардың, венчурлық фирмалардың, өндірістердің әлеуетіне де, сонымен бірге Қазақстанның инновациялық жүйесі саясатын құруды жүзеге асыру механизміне де байланысты. Инновация кез келген қоғамның мәдени процесс көрсеткіші статусына ие болып отыр. Инновациялық әлеуеттің өлшемі, қоғамның өмір сүру мүмкіндіктері оның әлеуметтік кеңістікте адамның шығармашылық қызметі, өнімінің тиісті бағасы және осы қызметтің нәтижелерін қабылдау болып табылады.

Инновациялы индустрияландырудың негізгі мақсаттары: кәсіпкерлік пен мемлекеттің күштерін біріктіру және елдің резервтерін экономиканың басты секторларын дамытуға шоғырландыру; қолайлы кәсіпкерлік орта мен инвестициялық климатты қалыптастыру; ұлттық экономиканың қарқындылығы мен өнімділігін арттыру. Инновациялық қызметті дамыту үшін оған жан жақтан қолдау көрсетіліп, ары қарай дамуына жағдай жасалуы керек. Мысалға, Батыс Еуропа елдерін алатын болсақ, онда белгілі бір инновациялық жоба жасалса, оны мемлекет тікелей қаржыландырудан бастап, осы жобаны пісіп жетілген түріне дейін өңдейді, тексереді. Міне осындай кезде ғана академиялық және салааралық байланыс күшейеді. Ал Қазақстан үшін инновациялық курс кезінде басты есте сақтау керек нәрсе инновацияның өзі емес, оны нақтылы экономикалық және бизнес кездерінде оны қалай қабылдап алатыны және еңгізілуі маңызды. Экономка диверсификациясын қамтамасыз ету ғана емес, белгілі бір қысқа уақыт аралығында сапалы, тез әрі арзан тауар өндіруді үйрену маңызды болып табылады. Сонымен қатар алдыңғы қатарлы елдерден инновацияны еңгізу жөнінен, патент алу белсенділігін ынталандыру жөнінен тәжірибе алуымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі. Қазақстан Республикасының индустриялық- инновациялық дамуының 2003–2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы// Ақиқат. -2003.

2. Анализ современного состояния экономики и обоснование необходимости инновационного развития РК [электронный ресурс]. Кіру режимі: /http://www.nauka.kz/about/legislation/kz/zakon_3/g13_3.php. - 2011.

3. Гринберг А. С., Король И. А. Информационный менеджмент: Учебное пособие. / Гринберг А. С., Король И. А. –М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. — 415 с.

Еділқызы І.¹, Баймукашева Ж.З.¹
¹ Учреждение «Баишев университет»

ИНДУСТРИАЛЬНО-ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация

Данная статья предусматривает основные этапы индустриально-инновационного развития Казахстана, итоги успешной реализации государственной программы форсированного индустриально-инновационного развития Республики. Рассмотрены основные документы и масштабные программы страны, определяющие путь развития нашего государства.

Ключевые слова: *инновационный процесс, новые технологии, качество товаров, инновации, наука, техника.*

Edilovna I.¹, Baimukasheva Zh.²
¹Baishev University

INDUSTRIAL-INNOVATIVE DEVELOPMENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

This article provides for the main stages of industrial and innovative development of Kazakhstan, the results of the successful implementation of the state program of forced industrial and innovative development of the Republic. Let's take a comprehensive look at the main documents and large-scale programs of the country that determine the path of development of our state.

Key words: *innovation process, new technologies, quality of goods, innovations, science, technology.*

МРНТИ 06.73.15

Ержанова З.К.¹
¹«Баишев университеті» мекемесі

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАРЖЫНЫ ДАМЫТУДА ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕНІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Берілген мақалада жергілікті қаржыны дамытуда шетелдік тәжірибені қолдану ерекшеліктері, жергілікті қаржы ресурстарын тиімді пайдалану қатынастарын қалыптастыру, несиелік жағынан қамтамасыз ету, инвестициямен қамтамасыз ету, бюджеттік қаржымен қамтамасыз ету,

өндiрiстердi дамыту, тұрмыстық-әлеуметтік қызметтердi өсiру сияқты бүгiнгi күннiң ең маңызды мақсаттарының бiрi болып табылатындығы қарастырылған.

Кiлт сөздер: *бюджет, субвенция, салық.*

Қазақстан Республикасында көптеген шет мемлекеттердегiдей жергiлiктi бюджеттер және бюджетаралық қатынастар проблемасы өзектi болып табылады. Қазақстандағы мемлекеттік басқару, салықтық-бюджеттік, қаржылық және экономикалық саясат жүйелерiн реформалау бюджетаралық қатынастар механизмiнде көптеген проблемалар туғызатын аймақтардың, аудандардың және ауылдық аумақтардың әлеуметтік экономикалық жағдайына өз әсерлерiн тигiзедi.

Мемлекет бюджеттi пайдалана отырып, бюджеттік процестiң әртүрлi субъектiлерi арасында табыстарды қайта бөледi. Нәтижесiнде мемлекеттегi саяси және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша көптеген мiндеттер шешiледi. Бюджеттік немесе қаржылық теңестiру принципi мемлекетке барлық азаматтарға қажеттi әлеуметтік қажеттiлiктерiн қанағаттандыруға кепiлдiк беру үшін қажет.

Бұл принцип өндiрiстiк күштердi мемлекеттiң аймақтары бойынша тең дәрежеде бөлу кезiнде маңызды фактор болып табылатын жекелеген аумақтардың дамуын реттеу және ынталандырумен тығыз байланысты. Аймақтар бiр-бiрiнен географиялық, демографиялық жағдайларымен, өндiрiстiк мүмкiндiктерiмен, инфрақұрылымның даму дәрежесiмен ерекшеленедi.

Мұндай ерекшелiктер басқарудың бұдан да төмен деңгейлерi үшін де тән болып келедi. Осыған сәйкес мемлекет қажет болған жағдайда бюджетаралық қатынастарды реттеу сияқты басқарудың қаржылық механизмiн пайдалана отырып, аймақтардың тең дәрежеде дамуына бақылау жасап отырады.

Бюджетаралық қатынастар механизмiн жалпы түрде мемлекеттік басқару мен жергiлiктi өзiн-өзi басқару деңгейлерi арасында бюджеттік қатынастарды реттеу түрiнде анықтауға болады.

Жергiлiктi басқаруды жеке бiр деңгей ретiнде қарастыру кенеттен пайда болған емес, себебi жеке институт ретiндегi оның жағдайы әртүрлi елдерде бiрдей болмайды.

Бюджетаралық қатынастар механизмi бюджеттiң деңгейлерiне байланысты, ал олар өз кезегiнде белгiлi бiр елдiң аумағының әкiмшiлiк-аумақтық бөлiнiсiне байланысты болады. Әртүрлi елдерде бюджетаралық қатынастарды түрлi әдiстердiң көмегiмен реттейдi, олардың iшiнде:

- 1) әртүрлi трансферттер;
- 2) мемлекеттік және мемлекеттік емес гранттар;
- 3) займдар.

Сонымен қатар, шетел тәжiрибесiн зерттеу бюджетаралық қатынастар механизмi саяси, экономикалық сипаттағы көптеген факторларға байланысты екендiгiн көрсетiп отыр.

Ресейдегi бюджетаралық қатынастар жүйесiн реформалау тәжiрибесiн қарастырайық. Бюджетаралық қатынастар механизмi мемлекеттік басқару және

жергілікті өзін-өзі басқару жүйелерінің негізінде қалыптасты. Соңғы кездері жергілікті өзін-өзі басқарудың бір деңгейлі және кейін екі деңгейлі жүйелерін енгізу бюджетаралық қатынастарды реформалаудың себебі болып табылады. Ресейдің Бюджет кодексінде «бюджетаралық трансферттер» түсінігі енгізілген. Ол бір бюджет қаражаттарының екіншісіне ауыстырылумен түсіндіріледі. Жергілікті өзін-өзі басқарудың екі деңгейлі жүйесін енгізу кіріс көздерін бөлуге және поселкелермен мен аудандар арасында бюджетаралық қатынастарды ұйымдастыруға қатысты салық және бюджет заңдылықтарына өзгертулер енгізу қажеттілігін туғызды.

Федералдық заңдылықта мемлекет және муниципалдық бірліктер арасында бюджетаралық қатынастарды дотациялар, субвенциялар және субсидиялар көмегімен реттеу қарастырылған.

Бұл қажеттілік муниципалдық бірліктер арасында халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсер ететін ерекшеліктердің болуымен түсіндіріледі. Осыған байланысты муниципалдық бірліктердің әртүрлі түрлерінің бюджеттік қамтамасыз етілуін реттеу және салықтық табыстарды реттеу қажеттілігі туындайды.

Ресейде бұл проблеманы шешу үшін федералдық және аймақтық деңгейде жинақталатын муниципалдық бірліктерді қаржылық қолдау қорлары құрылуда. Жергілікті өзін-өзі басқаруды қолдау қорлары көптеген шетелдерде құрылуды және олардың негізгі міндеттері – қаржылық теңестіру, яғни белгілі бір экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштері бойынша әлсіздеу муниципалдық бірліктерге қаржылық көмек көрсету.

Бұл қор қаражаттары минималды әлеуметтік стандарттарды қаржыландыру мақсатында муниципалдық бірліктердің минималды қаржылық қамтамасыз етілу деңгейін теңестіруге бағытталған. Қордан белгілі бір соманы бөлу сәйкес заңдылықтарды көрсетілгендей нақты есептер шегінде жүргізіледі.

Ресей Федерациясының Бюджет кодексінің «Бюджетаралық трансферттер» атты 16 Бөлімімен федералдық, аймақтық және жергілікті бюджеттерден бюджеттердің әртүрлі деңгейлеріне трансферттерді табыс етудің бірегей принциптері мен механизмі бекітілген. Негізгі принциптер ретінде келесілерді көрсетуге болады:

- бюджеттік трансферттер оларды алушылар бюджет заңдылықтарын және салықтар мен алымдар туралы заңдылықтарды сақтаған жағдайда ғана табыс етіледі;

- бюджеттік несиелер оларды алушылардың несие беруші бюджет алдында мерзімі өткен қарызы болмаған кезде ғана беріледі;

- мемлекеттік билік немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары бюджетаралық трансферттерді табыс етуге байланысты шарттарды орындамаған жағдайда бюджеттің орындалуын жүзеге асыратын орган бюджетаралық трансферттердің берілуін тоқтата алады (федералдық немесе аймақтық қорлардан берілетін субвенцияларды есепке алмағанда).

Қазақстан үшін Польша мемлекетінің тәжірибесі де қажет. Себебі бұл ел де 90-жылдардың басында жергілікті советтер жүйесінде болған. Польша

заңдылықтары 1990 жылдың өзінде ұлттық актілерінде жергілікті өзін-өзі басқару туралы Еуропалық партияның негізгі ережелерін бекіткен. 1990 жылдың қаңтар айынан бастап Польшада «Жергілікті өзін-өзі басқару» туралы заң күшіне енді. Заңға сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару субсидиарлық және азаматтар құқықтарының басымдықтары принциптерінің негізінде жүзеге асырылу қажет болды.

Польшадағы өзін-өзі басқарудың сипатты ерекшелігі болып оны үш звенолы жүйесі табылады: гминдер, повяттар және воеводтар. Қазіргі уақытта Польшадағы заңнамалық негіз барлық үш деңгей үшін «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Заңымен, сондай-ақ «Бұқаралық қаржылар туралы» және «Муниципалдық бірліктердің табыстары туралы» Заңдарымен көрсетіледі. Жергілікті өзін-өзі басқарудың базалық негізі ретінде гминдер (қауымдастық) таңдалған. Жергілікті қауымдастың басқару қызметі гминдік өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады. Гминдік жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі мақсаты Польшадағы мемлекеттік үкіметтің мақсатты сынды тұрғындарға қызметтер көресту. 1999 жылдан бастап жергілікті өзін-өзі басқару повяттық деңгейде (Польшада жергілікті өзін-өзі басқарудың екінші деңгейі болып табылатын аудандық деңгей) жүзеге асырылады.

Бюджет муниципалдық бірліктің негізгі қызметі болып табылады. Оны құру және пайдалану принциптері жергілікті өзін-өзі басқарудың барлық деңгейлері үшін бірдей. Олар «Бұқаралық қаржылар туралы» Заңмен анықталады.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың табыстарына мыналар жатады:

- меншікті табыстар, мысалы, меншікке салынатын салық, жеке және заңды тұлғалар табысына салынатын салықтың бір бөлігі және тағы басқа салықтар;

- жалпы субвенция;

- мемлекеттік бюджеттен мақсатты дотациялар. Сонымен қатар, муниципалдық бірліктер Еуропалық одақтан да қаржаттар ала алады. Повяттар мен воеводтардың қаржылық автономиясының дәрежесі үлкен емес, себебі олар негізінен мемлекеттік бюджеттен жүзеге асырылатын табыстардың қайта бөлінуіне негізделеді. Ақша қаражаттарын қайта бөлу жалпы субвенциялар мен мақсатты дотациялар есебінен жүзеге асырылады.

Жалпы субвенциялар – келесі түрлерде гминдерге, повяттарға және воеводтарға мемлекеттік бюджеттен аударылатын қаражаттар:

1) білім беруге субвенциялар, гминдердің негізгі табыс көзі болып табылады. Бастапқыда субвенцияның бұл түрі гминдердің басшылығындағы мектептердің қызмет етуінің ағымдағы шығындарын жабуға бағытталған. Субвенциялар көлемінің негізгі критерийі оқушылар мен мектептер саны, оқытушылар біліктілігі және гминнің сипаты;

2) теңестіруші субвенция, барлық гминдердің орташа салық табысының 92 пайызынан төмен 1 тұрғынға салық түсімі. Субвенция салықтық түсімдер мен мемлекеттің 1 тұрғынының орташа табысының арасындағы айырмашылықты жабу қажет;

3) баланстайтын субвенция, 2014 жылы муниципалдық табыстарға қатысты ережелердің өзгертулерінен кейін табыстарының бір бөлігін жоғалтқаны үшін гминдерге беріледі.

Гминдер белгілі бір қызметтерді жүзеге асыру үшін мақсатты дотациялар алуға мүмкіндіктері бар. Мақсатты дотациялар заңдылықтар негізінде, келісімдер негізінде белгіленген құзыреттерді орындауға, сонымен қатар гминдердің жеке міндеттерін орындауға берілуі мүмкін. Мақсатты дотацияны пайдалану оның пайдаланғаны жөнінде есеп беруді талап етеді. Толығымен жұмсалмаған дотация, немесе мақсатты бағыты бойынша жұмсалмаған дотация қайтарылуы қажет.

Субвенциялар мен мақсатты дотациялардың көрсетілген түрлері повяттар мен воеводтарға гминдерге берілген шарттар негізінде беріледі. Алайда воеводтардың табыстарында баланстайтын субвенциялар болмайды. Түсімдердің осы көрсетілген түрлерінен басқа жергілікті үкімет заңмен рұқсат етілген жеке көздерден де табыстар алады. Соңғы кездері Польша үкіметі жергілікті өзін-өзі басқарудың жұмысы үшін шетел қаражаттарын тарту диапазонын ұлғайтуда. Мысалы, жергілікті өзін-өзі басқарудың барлық деңгейлеріне қоршаған ортаны қорғау, коммуналдық инфрақұрылымды дамыту міндеттері қойылған. Бұл міндеттерді шешу үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдары қаражаттарды қоршаған ортаны қорғаудың Ұлттық қорынан, ал соңғы кездері Еуропалық одақтың қорларынан алуға мүмкіндіктері бар.

Бюджетаралық қатынастарды реттеудің француз тәжірибесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Франциядағы жергілікті үкіметтің қаржылық автономиясы орталықтанбаған түрде, шығын құзыреті мен табыс көздерінің бөлінуімен және парламенттегі саяси өкілдікпен кепілденуімен көрініс табады. Алайда 20 жылдық орталықтандырылмаудан соң Францияда кері тенденция байқала бастады.

Францияда жергілікті үкіметі тек заңдылықтарды сақтау шартымен және бюджеттердің балансталуына бақылаумен шектелетін үлкен қаржылық құзыреттілікке ие.

Француз жүйесі жергілікті салық ресурстарының жоғары теңгерімсіздігімен, жергілікті салықтардың үлкен көлемімен және орталық үкіметтен жергілікті деңгейге берілетін трансферттер жүйесінің күрделілігімен сипатталады. Жергілікті деңгейдегі салық салу жүйесі соңғы жылдары орталық үкіметпен өзгертілді.

Қаржылық тәуелсіздіктің жоғалуы – орталықпен жергілікті деңгей арасына қатысты негізгі проблемалық мәселелердің бірі. Францияда негізгі тікелей және жанама салықтар (корпорациялар пайдасына салық, жеке тұлғалардың табыс салығы, қосылған құн салығы) орталық бюджет деңгейінде алынады.

Бұл жерде шамамен 40 жергілікті салықтар бар. Төрт негізгі тікелей салық барлық салық түсімдерінің шамамен 80 пайызын құрайды. Бұл салықтар барлық үш деңгейде алынады.

Сонымен қатар, бұл салықтар бір-біріне қосыла көрсетіледі, яғни коссуналар, департаменттер және аймақтар бір салық базасына қатысты осы

салық базасынан төменгі деңгейде төленген салықтарды алып тастамай, салық мөлшерлемелерін бір-біріне тәуелсіз түрде белгілейді. Бұл құрылыс салынған жерлерге жер салығына, құрылыс салынбаған жер салығына және мүлікке салынатын салыққа қатысты болып табылады.

Төртінші тікелей салық – ол бизнеске салынатын салық. Осы кезге дейін бұл салық түрі жергілікті бюджеттер табыстарының жартысын құраған болатын. Алайда, бұл салық тең көлемде бөлінбеген болатын және муниципалдық бірліктер арасында салықтық қамтамасыз етілуге қатысты теңсіздіктің өсуіне әкелген.

Салықтың бөлінуінің теңсіздігі салық базасының ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Бұл салық үшін негіз кәсіпорын ғимараты мен құрал-жабдықтарының арендалық төлемдерін, еңбекақы қорына қатысты бекітілген пайыз төлемдерінің қосындысы жолымен есептелетін болған. Салық базасының осы екінші компоненті салықтық қамтамасыз етілудегі теңсіздікті күшейте түсті.

Нарықтық қатынастар экономикасы әрбір облыс пен қаланың, аудандарды өзіндік даму мүмкіншілігіне бағыттап, жауапкершіліктерін күшейтеді. Сондықтан, жергілікті қаржыны дамытуда шетелдік тәжірибені қолдану ерекшеліктерін, жергілікті қаржы ресурстарын тиімді пайдалану қатынастарын қалыптастыру, несиелік жағынан қамтамасыз ету, инвестициямен қамтамасыз ету, бюджеттік қаржымен қамтамасыз ету, өндірістерді дамыту, тұрмыстық-әлеуметтік қызметтерді өсіру сияқты бүгінгі күннің ең маңызды мақсаттарының бірі болып табылады. Жергілікті жердегі реттеу, басқару, талдау, тексеру, бағдарлау, жоспарлау әрекеттерін енгізу арқылы әкімшілік басқаруды жетілдіре түсу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы [Электрондық ресурс].-Қол жеткізу режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000521>
2. ҚР Салық Кодексі [Электрондық ресурс] .-Қол жеткізу режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120>. Деректер_01.01.2019ж сәйкес.
3. Сартанова Н.Т., Абжанова А.К. Мемлекеттік қаржы: оқу құралы/ А.К. Абжанова.-Қостанай, 2016.

Ержанова З.К.¹

¹ Учреждение «Баишев Университет»

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЗАРУБЕЖНОГО ОПЫТА В ОСВОЕНИИ МЕСТНЫХ ДЕНЕГ

Аннотация

В данной статье рассматривается, что одной из важнейших задач современности являются особенности использования зарубежного опыта в развитии местных финансов, формирование отношений эффективного использования местных финансовых ресурсов, кредитного обеспечения, инвестиций, бюджетного финансирования, разработки продуктов и услуг на дому и социальных услуг.

Ключевые слова: *бюджет, субвенция, налог.*

Yerzhanova Z.K.¹

¹Baishev University

FEATURES OF THE USE OF FOREIGN EXPERIENCE IN THE DEVELOPMENT OF LOCAL MONEY

Abstract

This article considers that one of the most important tasks of our time are the features of the use of foreign experience in the development of local Finance, the formation of relations of effective use of local financial resources, credit security, investment, budget financing, development of products and services at home and social services.

Key words: *budget, subvention, tax.*

МРНТИ 06.52.17

Есенкелдіқызы С.¹, Баймукашева Ж.З.¹

¹ Учреждение «Баишев университет»

КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ ТОВАРОВ, УСЛУГ, ФАКТОРЫ И УСЛОВИЯ ЕЕ ОБЕСПЕЧЕНИЯ

Аннотация

Данная статья раскрывает конкурентоспособность предприятия и её роль в современных условиях. Делается акцент на необходимость повышения конкурентоспособности современного предприятия и приводятся конкретные рекомендации по повышению его конкурентоспособности.

Ключевые слова: *Конкурентоспособность продукции, товар, рыночная*

экономика, платежеспособность, финансовая устойчивость, инвестиционная привлекательность.

Конкурентоспособность продукции и конкурентоспособность предприятия–производителя продукции соотносятся между собой как часть и целое. Возможность компании конкурировать на определённом товарном рынке непосредственно зависит от конкурентоспособности товара и совокупности экономических методов деятельности предприятия, оказывающих воздействие на результаты конкурентной борьбы.

Поскольку конкуренция предприятий на рынке принимает вид конкуренции самой продукции, возрастает значение свойств, сообщаемых продукцией предприятия, изготовившего и продающего её на мировом рынке.

Для того, чтобы более полно осветить сущность конкурентоспособности продукции, на наш взгляд, необходимо дать как можно полное представление о продукции (товаре).

Как известно, товар – главный объект на рынке. Он имеет стоимость и потребительную стоимость (или ценность), обладает определенным качеством, техническим уровнем и надежностью, задаваемой потребителями полезностью, показателями эффективности в производстве и потреблении, другими весьма важными характеристиками. Именно в товаре находят отражение все особенности и противоречия рыночных отношений в экономике. Товар – точный индикатор экономической силы и активности производителя. Действенность факторов, определяющих позиции производителя, проверяются в процессе конкурентного соперничества товаров в условиях развитого рыночного механизма, позволяющего выявить отличия данного товара от товара – конкурента как по степени соответствия конкретной общественной потребности, так и по затратам на ее удовлетворение. Для этого товар должен обладать определенной конкурентоспособностью.

Конкурентоспособность товара – это такой уровень его экономическо-технических, эксплуатационных параметров, который позволяет выдержать соперничество (конкуренцию) с другими аналогичными товарами на рынке.

В условиях рыночной экономики конкурентоспособность товара это главный фактор успеха. Конкурентоспособность товара предполагает оптимальное сочетание качества, цены, дизайна и возможности послепродажного обслуживания. В связи с чем, одним из важнейших показателей конкурентоспособности предприятия, особенно для производителя, является конкурентоспособность его продукции.

Конкурентоспособность товаров зависит от ряда факторов, в связи с чем, понятие конкурентоспособность достаточно ёмкое. Конкурентоспособность рассматривают, как способность товаров быть проданными. Чтобы удовлетворить различные потребности покупатель приобретает товары, качество и потребительские свойства товаров которых и способны удовлетворить эту потребность. Поэтому конкурентоспособность товаров

можно считать и рядом качеств, обеспечивающих преимущества товару на рынке и содействующих его успешному сбыту.

При сравнении групповых потребительских свойств и факторе в конкурентоспособности можно провести аналогию (таблица 1).

Таблица 1 – Сравнение потребительских свойств и конкурентоспособности

Групповые потребительские свойства	Факторы конкурентоспособности
Социальные	Престижность
Функциональные	Технические параметры
Эргономические	Сервисные возможности
Надежность	Имидж фирмы
Безопасность	Имидж фирмы
Эстетические	Дизайн
	Послепродажное время
	Цена покупки и потребления

Рассматривая конкурентоспособность в данном аспекте, можно сказать о том, что конкурентоспособность это более товароведное понятие чем какой-либо другой науки.

В этой связи и по причине того, какое значение принимает конкурентоспособность на этапе становления цивилизованного рынка и по тому, как оно связано с потребительскими свойствами данное понятие можно рассматривать, как новое потребительское свойство с конкретными показателями, которые характеризуют, товары со всех точек зрения.

Конкурентоспособность можно рассматривать и как комплексное свойство, характеризующее способность товара обладать определенной предпочтительностью для потребления с различных точек зрения, как социальных, функциональных, так и экономических. Таким образом «конкурентоспособность» – совокупность только конкретных свойств, которые представляют несомненный интерес для покупателя. Конкурентоспособность товара – степень его притягательности для потребителя. Это свойство объекта, характеризующее степень удовлетворения конкретной потребности по сравнению с лучшими аналогичными объектами, представленными на данном рынке.

Конкурентоспособность товара определяется совокупностью только тех конкретных свойств, которые представляют несомненный интерес для данного покупателя и обеспечивают удовлетворение данной потребности. Товар с более высоким уровнем качества может быть менее конкурентоспособным, если значительно повысить его стоимость за счет придания товарам новых свойств, не представляющих существенного интереса для основной группы его покупателей.

Для того чтобы товар был приемлемым для покупателя, он должен обладать набором определенных характеристик. Существуют следующие основные параметры, характеризующие конкурентоспособность товара (рисунок 1):



Рисунок 1. Параметры конкурентоспособности товара

Существует много факторов, определяющих конкурентоспособность товара. Современному предпринимателю, чтобы выжить и процветать, необходимо постоянно следить за поставщиками, потребителями и другими силами, определяющими конкуренцию.

Конкурентоспособность товара – комплекс потребительских стоимостных характеристик товара, определяющих его предпочтительность для потребителя по сравнению с аналогичными товарам: других отечественных и зарубежных предприятий. Кодексу Республики Казахстан "О налогах и других обязательных платежах в бюджет". [1]

Технические параметры включают:

– параметры назначения – свойства товара, определяющие области применения и функции, которые он предназначен выполнять (например, швейное производство, перевозка грузов, обработка сельхозпродукции);

Эргономические параметры, характеризующие, соответствие товара свойствам человеческого организма в процессе выполнения различных операций (трудовых, отдыха);

Конструктивные параметры, отражающие конструктивно технологические решения, присущие данным изделиям и обеспечивающие определенные свойства товаров (надежность, долговечность, ремонтпригодность и т.п.);

Эстетические параметры, характеризующие внешнее восприятие товара (цвет, мода, стиль).

Нормативные параметры. Они характеризуют, свойства товара, регламентируемые обязательными нормами стандартов на рынке, где его предполагается продавать. В случае несоответствия товара действующим обязательным нормам он не может использоваться для удовлетворения существующей потребности.

Экономические параметры. Они связаны с затратами покупателя на продукцию. К ним относятся: цена товара, затраты на транспортировку и хранение, монтаж и наладку, а также все текущие эксплуатационные затраты.

Платежеспособность, кредитоспособность фирмы и условия кредитования, структура капитала, рентабельность предприятия.

Таким образом, оценка конкурентоспособности предприятия на конкретном рынке или его сегменте основывается на тщательном анализе технологических, производственных, финансовых и сбытовых возможностей предприятия. Она (оценка) призвана определить потенциальные возможности предприятия и мероприятия, которые предприятию необходимо предпринять для обеспечения конкурентных позиций на конкретном рынке. Такая оценка должна характеризовать:

- потребность в капиталовложениях фактически и на перспективу как в целом, так и по отдельным видам продукции и конкретным направлениям затрат;

- ассортимент конкурентной продукции, ее объемы и стоимость («продуктовая дифференциация»);

- потребность в средствах на формирование спроса и стимулирование сбыта;

- организация сбытовой сети;

- перечень мер и приемов, которыми фирма может обеспечить себе преимущество на рынке;

- создание благоприятного представления о фирме у покупателя; воздействие товарного знака фирмы на привлечение внимания покупателей к ее продукции;

- выпуск высококачественной и надежной продукции;

- постоянное обновление продукции на основе собственных разработок и изобретений, обеспечение патентной защиты;

- добросовестное и четкое выполнение обязательств по сделкам в отношении сроков поставок товаров и услуг.

Результаты маркетингового исследования берутся за основу при разработке стратегии фирмы, ее технической, ассортиментной и сбытовой политики.[3]

Құрылтайшылардың акционерлік қоғамның негізгі капиталына салымдары бойынша қарыздарын есептеу үшін «Төленбеген капитал» бөлімшесінің «Төленбеген капитал» шоты арнайы ашылады. Мұның дебеті бойынша оның құрылтайшылармен енгізілуге тиіс, капиталдың шамасы көрсетіледі. Құрылтайшылардың салымдарының нақты түскен сомалары ақшалай қаражаттар болып көрсетіледі.[1]

Шаруашылық жүргізуші субъектілер іс жүзіндегі қолданыстағы заңдарға және құрылтайшы құжаттарына сәйкес резервтік капитал құра алады. Заңмен белгіленген резервтік капитал есебі шаруашылық серіктестіктердің резервтік капиталының шамасы олардың құрылтайшы құжаттарында анықталады және белгіленген тәртіп бойынша анықталады және белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік тіркеуден өтуге тиіс. Осы құжаттарда есеп беру жылында табысты бөлу тәртібі анықталады, яғни табыстың резервтік капиталға жіберілуі мүмкін.

Шаруашылық серіктестіктер резервтік капитал құруға міндетті. Резервтік капиталдың құрылы уәжде пайдалану тәртібі жарғымен анықталады. Өндіріс көлемінің өсуі, инфляция және басқа себептерге байланысты жарғылық капиталдың көбеюі кезінде сәйкесінше резервтік капитал да көбеюі керек.

Резервтік капитал бөлінбеген табыстан аударулар есебінде құрылады. Резервтік капиталдың есебінен төленетін дивиденттер мен табыстардың есептелген сомаларының реті қарастырылады.

Басқа да резервтік капитал есебі арнайы шотта жүргізіледі. Бұл шотта заңдарда қарастырылған төменгі мөлшерден арты құрылған резервтік капитал есепке алынады.

Акционерлік қоғамдар әрі қарай айналымнан алу мақсатында өз акционерлерімен сатып алынған меншікті акцияларының есебін «Қайтарып алынған капитал» шотында жүргізеді.

Кәсіпкердің қолдағы негізгі капиталды сатып алысымен пайдалану міндет емес, өйткені негізгі құралдар қоймада резерв ретінде жатуы, ұзақ уақыт бойы сақталуы немесе жалға берілуі мүмкін.

Басқаша айтқанда негізгі капитал сатып алу жолындағы кез келген жұмыс, кәсіпкер мен негізгі құралдар иесі арасындағы келісім шарт немесе келісімге қол қоюдан басталады. Негізгі құралдарды есепке алу үшін талапқа сай ресімделген бастапқы құжаттар керек. Ол қөабылдау актілері, кіріс қағаздары, есеп-фактуралары, сатып алу, сату шарттары мен тағы басқалары болуы мүмкін.

Негізгі құралдар көптеген өндіріс құралдары бойына пайдаланылады, қасиеті мен нысанын сақтай отырып, жанама түрде тозады, өзінің құнын

жаңадан жасалған өнімге біртіндеп көшіреді. [2]

Нарық қатынасы жағдайында кәсіпорынның қызметі және оның дамуы көбіне өзін-өзі қаржыландырумен, яғни меншікті капиталдың көмегімен жүзеге асырылады. Тек ол капитал жетпегенде ғана шеттен капитал тартылады. Бұл кезде қиын болса да сырттан тартылған капиталдан экономикалық тәуелсіздік аса маңызды орын алады, бірақ онсыз әрине мүмкін емес. Сондықтан да экономикалық есеп берудің ағымдағы активтерінің құрастырылу көздерін шектеу керек. Оның ең аз бөлігі өндірістік бағдарламаны қамтамасыз ету үшін өзінің кейбір кезеңдерінде ағымдағы активтерге әдеттегіден жоғары, яғни қосымша қажеттілік туғанда, ол банктердің қысқа мерзімді несиелерімен және коммерциялық несиелермен жабылады. Кәсіпорын табысын қамтамасыз ету барысында оның қандай факторлардың есебінен артатынын немесе азаятынын анықтау қажет. Жоғарыда біз табыстың өткізілген өнімнің көлемінен тәуелді екенін қарастырған болатынбыз. Өнімнің өзіндік құнында тұрақты шығындардың үлесі басым болса, өнімді өткізу көлемінің артуы табыстың өсуіне алып келеді. Сонымен қатар, табыс тауардың бағасы мен өзіндік құнының айырмасы ретінде анықталатындықтан, табыс көлеміне бағалардың өсуі мен өзіндік құнның төмендеуі де әсер етеді.[3]

Инфляцияның жоғары қарқыны жағдайларында табыстың өсуі баға факторының есебінен қамтамасыз етіледі. Алайда, елімізде инфляция деңгейінің төмендеуі, отандық нарықтың тауарлармен толуы, кәсіпорындар арасындағы бәсекелестіктің артуы тауар өндірушілердің бағаны өсіру арқылы табыс табу мүмкіндіктеріне тосқауыл бола білді. Кәсіпорындардың қазіргі таңдағы табысты арттырудың бірден-бір әдісі - өндірістік шығындарды төмендету болып табылады.

Кәсіпкерлік қызмет тәжірибесінде өзіндік құнды төмендетудің алуан түрлі тәсілдері қолданылады. Әрине, кәсіпорындар отын-энергетикалық ресурстарды, материал және еңбек шығындарын үнемдеу, амортизациялық аударымдар үлесін азайту, әкімшілік шығындарды қысқарту секілді тәсілдерді кеңінен қолданады. Алайда, айта кету керек, өзіндік құнды азайтудың да шегі бар. Өндірістік шығындарды осы шектен төмен азайту тауардың басты қасиетінің, яғни сапасының, төмендеуіне алып келеді. Осы айтылғандар әкімшілік және коммерциялық шығындарға да байланысты, өйткені оларсыз кәсіпорын қажетті деңгейде қызмет ете алмайды және тауарды өткізу мүлдем мүмкін болмай қалады.[4]

Бүгінгі нарықтық шаруашылықта кәсіпорындар шығындарды басқару әдістеріне көп көңіл бөлуде. Осындай әдістердің әлемдік және отандық тәжірибеде кеңінен қолданылатыны – басқарушылық есеп. Оның көмегімен кәсіпорын шығындарын бақылау жүзеге асырылады. Әсіресе жауапкершілік орталықтары бойынша есеп әдісі өте тиімді болып келеді. Шығындарды басқарудың бұл нысаны шығындар құрылымын оңтайландыруға, шығындардың жоспардан ауытқуына жылдам бейімделуге және шешімдер қабылдау бойынша міндеттердің бір бөлігін құрылымдық басқарушыларға беруге мүмкіндік береді. Олар жоспарда белгіленген шығындардың

мөлшерлеріне жауапкершілік тартады және жоспарланған көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

Жауапкершілік орталықтары бойынша есеп бюджеттеу принципіне сәйкес жүргізіледі. Жан-жақты (толық) бюджет – бұл өндірістік және экономикалық жоспарлардың жиынтығы. Жақсы ұйымдастырылған басқару жүйесінде бюджеттер жоспарлау, орындалуын бағалау, бейімделу және коммуникациялар орнату үшін қолданылады. Негізгі бюджет өндірісті, өнімді өткізуді, үлестіруді және қаржыландыруды қамтиды.

Бюджет барысын әдістемелік қамтамасыз ету кәсіпорынның саясатын, ұйымдық құрылымын, жауапкершілік пен билікті бөлу секілді жағдайларды қажет етеді. Нұсқаулықтарда не істеу керек, қашан және қалай істеу керек деген мәселелер нақты жауабын табуы тиіс.

Табысты арттырудың тағы да бір маңызды факторы – өндірілетін өнімнің ассортименті мен номенклатурасын жаңарту, яғни нарыққа жаңа тауарлар енгізу болып табылады.

Нарықтық экономика жағдайларында табыс – өндірістік қорларды, сондай-ақ өндірілетін өнімді жаңаландыруды ынталандырушы күші болып табылады. Бұл заңдылық «тауардың өмірлік циклы» концепциясына сай келеді. Баршаға мәлім, кез-келген тауар өзінің өмірлік циклының кезеңдерін бастан кешіреді: тауарды жобалауды, игеруді, өндіріске енгізуді, өндіруді және нарыққа шығаруды. Нәтижесінде нарық осы тауарға әбден толады. Сонда тауар моральдық тұрғыдан ескіреді немесе бәсекелестік күреске жарамай қалады, сондықтан табыстылықтың төмендеуінің салдарынан оның өндірісі қысқартылуы немесе мүлдем тоқтатылуы тиіс.

Кәсіпорында табыс деңгейін сақтап қалу үшін жаңа өнімді жобалаудың және өндіріске енгізудің мерзімдерін анықтап алу маңызды. Өнімді жобалау және игеру кезеңі барысы белгілі бір уақыт шығындарын қажет етеді, осы уақыт ішінде кәсіпорын тек шығындар тартумен сипатталады. Содан кейін өнімді өндіріске енгізгеннен бастап шығындар азая береді және біршама мерзімнен кейін залалсыздық нүктесіне де жетеді. Сатылым көлемі ұлғайған сайын тұрақты шығындар үлесінің азаюы есебінен табыс көлемі де ұлғая береді. Сұраныс пен ұсыныс тепе-теңдігі орнаған жағдайда табыс мөлшері бірқалыпты деңгейге жетеді және белгілі бір мерзім бойында өзгеріссіз болып тұрады. Мұндай жағдай бәсекелестер тарапынан ешқандай қауіп-қатер жоқ болған кезде өте ұзақ мерзімге созылуы мүмкін. Алайда, қазіргі таңдағы еліміздегі бәсекелестіктің дамуы кәсіпорындар үшін мұндай қолайлы жағдайлардың орын алуына ырық бермейді. Сол себепті, бәсекелестер жеткілікті жағдайда кәсіпорындар сатылымның қолайлы шамасын ұстап тұру кәсіпорынның рентабельділігін төмендету арқылы ғана мүмкін бола алады. Демек, кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділігі төмендейді.

Бәсекелестік күрестің күшеюі кезінде бағаны төмендету арқылы сатылым көлемін арттыруға кәсіпорындардың қабілеттері жетпейді, өйткені жұмыс тиімсіз бола бастайды. Табыстылықты қамтамасыз ету үшін кәсіпорындар бағаны шығындардың төмендеуіне сәйкес төмендетулері тиіс немесе нарықта

үлкен сұраныстарға ие бола алатын басқа тауарды өндіруге күш салулары қажет. Осы факторды ескере отырып, кәсіпорындар өнімнің жаңа түрлерін игеруге табыс көлемінің барынша артқан кезінде кірісулері керек. Бұл ескі тауардың рентабельділігінің төмендеуі басталған мезетте жаңа өнімді шығару залалсыздық нүктесіне жетіп үлгеруіне жағдай жасайды.

Мұндай стратегия кәсіпорындардың қол жеткізген табыстылық деңгейін сақтап қалуға және қолайлы нарықтық жағдайларда бұл көрсеткішті барынша арттыруға мүмкіндіктер береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. 2015-2020 жылдардағы Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық даму стратегиясы. Қазақстан Республикасының Президенті және Үкіметінің актілер жинағы №30. // Ақиқат-2015
2. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа заман – Жаңа экономика» // «Егемен Қазақстан» 2015, 16 желтоқсан.
3. «Стандарттау мен сертификаттау туралы» ҚР-ның Заңы // «Егемен Қазақстан» .- 2015.-№4.-С64-70.
4. Нұрпейісова А.С. Кластерлік талдау – микродеңгейде бәсекелік қабілетті басқару базасы // «ҚазЭУ Жаршысы», «Экономика» .-2015, №3.- С. 72-76

*Машарикова Г.¹, Баймукашева Ж.З.¹
¹ Учреждение «Баишев университет»*

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СОБСТВЕННЫХ СРЕДСТВ ПРЕДПРИЯТИЯ

Аннотация

В данной статье рассматриваются эффективные формы хозяйствования и результаты конкурентоспособности управления производством, основанные на повышении эффективности производства на предприятиях, внедрении достижений научно-технического прогресса продукции и услуг.

Ключевые слова: *государственная собственность, частная собственность, индивидуальный предприниматель, рыночная экономика.*

*Masarykova G.¹, Baimukasheva Zh.¹
¹Baishev University*

THE EFFICIENCY OF USE OF OWN MEANS OF THE ENTERPRISE

Abstract

This article discusses the effective forms of management and the results of competitiveness of production management, based on improving the efficiency of

production in enterprises, the introduction of scientific and technological progress of products and services.

Key words: *state property, private property, individual entrepreneur, market economy.*

МРНТИ 06.61.33

Мусиров Г.¹, Сисекенова А. Қ.¹
¹«Баишев университет» мекемесі

АЙМАҚТАРДЫ ИНДУСТРИАЛДЫ БАҒЫТТА ДАМЫТУДЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Аннотация

Мақалада жалпы Қазақстанды және аймақтарды индустриалды бағытта дамыту қажеттігі мен мүмкіндіктері және оны жүзеге асырудың алғы шарттары баяндалады. Сонымен қатар ғылыми жаңалық пен жаңа технологияларды өндіріспен тығыз байланыстыру, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, экономиканы әртараптандыру арқылы өңдеуші өнеркәсіп пен отандық өндірісті дамыту жағдайлары сипатталады.

Кілт сөздер: *аймақтық экономика, өндіріс, шағын және орта кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық, бәсекеге қабілетті, шикізаттық сала, өнеркәсіп, тауарлы өндіріс, экономиканы әртараптандыру, инвестиция, жаңа технология*

Қазақстанда ғылыми жаңалықты, жаңа технологияны өндіріспен тығыз байланыстыру мақсатында «Индустриалды-инновациялық даму» бағыты қалыптасқаны белгілі. Бүгінде Қазақстанның индустриалды елге айналу мүмкіндігі зор, сол мүмкіндіктерді барлық аймақтарда нақты жүзеге асыруға нақты қадамдар жасалуда.

Кез-келген елдің бәсекеге қабілетін көрсететін басты көрсеткіш – оның экономикасы болса, ал экономиканың бәсекеге қабілетті болуының басты бағыты – индустриалды-инновациялық экономика құру және шикізаттық емес секторды дамыта отырып, инновациялық процесстерге бет бұру. Осы кезге дейін біздің экономика шикізаттық салаға негізделіп келген болатын, енді өндірістік салаға бет бұрдық. Ал өндірісті, соның ішінде отандық тауарлы өндірісті қарқынды дамыту тек қана инновациялық процесстерге арқа сүйері анық. Сол себепті елімізде индустриалды-инновациялық даму бағыты айқындалған болатын.

Елді индустриалды-инновациялық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін Қазақстанның ғылыми-технологиялық саясаты бірқатар бағыттарды қамтиды. Солардың ішіндегі маңыздысы, ең алдымен инновациялық үдерістерді

жандандыру қажет. Сол арқылы жаңа технологиялық құрылымдарды өнеркәсіпке енгізе отырып ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты жою керек.

Тағы бір ескереелік жағдай, ғылыми-техникалық салада кәсіпкерлік секторды қалыптастырмай индустриалды-инновациялық қызметті дамытудың мүмкін еместігі. Алайда, өнеркәсіп өндірісі көлемінде шағын бизнес секторының, кәсіпкерліктің үлесі әлі де мардымсыз және индустриясы дамыған елдердегіден бірнеше есе аз екені байқалады.

Кез-келген елдің экономикасы қанағаттанарлық деңгейде дамып отырса да, шағын кәсіпкерліктің дамуына баса назар аударылатыны белгілі. Қазақстан Республикасының Президенті Кәсіпкерлер Конгресінде «мемлекеттік меншікті сатылап жекешелендіру нәтижесінде өнеркәсіп өндірісі көлемінің 85 пайызы жеке секторда өндірілетіндігін, елдің ЖІӨ-де шағын және орта бизнестің үлесі шамамен 25 пайызды құрайтындығын, экономиканың жеке секторында еңбекпен қамтылған халықтың 60 пайыздан астамы еңбек ететіндігін» айтып өтті [1]. Бірақ бұл мәліметтер дамыған елдермен салыстырғанда, әлдеқайда аз шаманы құрайтындығы белгілі. Сондықтан, алдағы уақытта шағын кәсіпорындардың дамуы мен тиімді қызмет ету мәселесіне ерекше әсер ететін негізгі факторлар анықталып, оң шешімін табуы тиіс.

Дамыған индустриалды елдерде жаңа технологияларды пайдаланатын жаңа ілімдер үлесіне ЖӨ өсімінен 85-95 пайызына дейін келеді. Бұл елдерде жаңа технологияларды енгізу нарықтық бәсекелестіктің өзекті факторы өндіріс тиімділігін арттырудың және тауарлар мен қызметтер саласын жақсартудың негізгі құралы.

Ал Қазақстанда қазіргі уақытта ғылымды көп қажетсінетін отандық өндірісті дамыту проблемасы тұр. Ол үшін бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіруге бағдарланған ғылымды көп қажетсінетін жаңа технологияларды іске қосуымыз керек. Ең бастысы республиканың өнеркәсіп пен ғылыми техникадағы әлеуетін сақтау мен дамыту қажет. Бұл ұлттық экономикалық қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз ету болып табылады.

ҚР Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» Жолдауында: «Мемлекет жұмысының негізгі бөлігі Қазақстан бизнесін, әсіресе шағын және орта бизнесті дамытуға барынша қолайлы жағдай жасау болмақ. Шағын және орта бизнес 2050 жылға қарай Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің қазіргі 20% орнына кемінде 50% өндіретін болады. Еңбек өнімділігін 5 есеге – қазіргі 24,5 мыңнан 126 мың долларға дейін арттыру керек» деп шағын және орта кәсіпкерліктің маңызын атап көрсетті [2].

Индустриалды-инновациялық саясат – бұл мемлекет арқылы бәсекеге қабілетті тиімді ұлттық өнеркәсіпті және жоғары технологиялар индустриясын қалыптастыру үшін кәсіпкерлікке қолайлы жағдайлар жасау мен оларға қолдау көрсететін шаралар кешені. Өнімнің, тауардың бәсекеге қабілеттілігі ең алдыңғы орынға шығып отырған бүгінгі жаһандану заманында инновациялық қызмет шешуші мәнге ие. Дамыған елдердің экономикасының үздіксіз алға басуы инновациялық қызметті үнемі қолдап, қуаттайтын және ынталандыратын

саясаттың арқасында мүмкін болып отыр. Бұл саясат ел экономикасының бұзып-жарып алға шығуын қамтамасыз ететін озық технологияны, басқарудың жаңа түрлерін, ғалымдар мен өнертапқыштардың ойлап шығарған жаңа дүниелерін тез өндіріске енгізіп отыруға бағытталған.

Индустриалдық-инновациялық саясат инфрақұрылымсыз жүзеге асырылмайтыны анық. Оны жетілдіру үшін инновациялық инфрақұрылым, оның аясында төмендегідей мемлекеттік даму институттары қызмет етуде: «Қазақстан даму банкі» АҚ, «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ, «Ұлттық инновациялық қор» АҚ, «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ және т.б. құрылды, сонымен қатар еркін экономикалық аймақтар құрылды.

Елбасы индустриалдық-инновациялық дамуды жүзеге асыру мақсатында ҚР Үкіметінің алдына экономиканы жедел әртараптандыру міндеттерін қойды. Сондықтан ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша Үкімет Индустриалдық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын (ИИДМБ) дайындады. Ал Индустриалдық карта оның басты құралына айналды.

Бұдан басқа, ҚР Үкіметі үдемелі индустриализациялауды қолдауға бағытталған төрт бюджеттік бағдарламаны ұсынды, олар:

- аймақтағы кәсіпкерлікті дамыту үшін – «Бизнес жол картасы-2020»;
- шикізаттық емес секторды ынталандыру үшін – «Экспорттаушы-2020»;
- технологиялық жаңарту және экономиканың өнімділігін арттыру үшін – «Өнімділік-2020»;
- ірі инвесторлар мен трансұлттық компанияларды тарту үшін – «Инвестициялар- 2020».

Енді Ақтөбе облысының индустриалдық-инновациялық даму жағдайына келсек, бүгінгі күні облыста «Ақтөбе» ӘКБ ұлттық компаниясы» АҚ және «Ақтөбе» аймақтық индустриалдық технопаркi» ЖШС секiлдi индустриалдық-инновациялық инфрақұрылымдар, бiрнеше бизнес-инкубаторлар және шағын несие беру ұйымдары қызмет етуде, олардың мақсаты – инновациялық және трансферттік технологияларды дамыту, жоғары технологиялы өндіріс орындарын құру болып табылады. Мысалы, «Ақтөбе» аймақтық индустриалдық технопаркi» ЖШС ЖОО-мен өзара қызмет ету арқылы аймақтың инновациялық дамуына қызығушылық тудыратын ғылыми еңбектерді және инновациялық жобаларды жинақтап оны жүйелеу жұмыстарын атқарады.

Облыста өңдеу өнеркәсібі мен қызмет көрсету саласындағы бәсекеге қабілетті және экспортқа бағытталған тауарлар мен қызметтер аймақтың индустриалдық-инновациялық саясатының басты пәні болып табылады. Мысалы, индустриаландыру картасы шеңберінде жүзеге асырылған ірі инновациялық жобалардың ішінен келесілерін атап өтуге болады: - «Қазхром» ТҰК» АҚ алдыңғы қатарлы инновациялық технологиялар қолданған, қуаттылығы 430,0 мың тонна жаңа ферроқорытпа зауытын (№4 цехы) қолданысқа енгізді. - «Ақтөбе рельстік зауыты» ЖШС инвестициялық көлемі – 76,6 млрд. теңгені, жылдық қуаттылығы 430,0 мың тоннаны құрайтын рельстік

зауыт құрылысы. - «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» - үшінші Жаңажол газ өңдеуші зауытының құрылысы, қуаттылығы жылына 6,0 млрд. текші м. газ, құны - 140,0 млрд. теңге, т.б.

Бүгінгі таңда Қазақстанның жиі кезігетін мәселесі – бұл инновациялық жобаларды мемлекет және дамыту институттары тарапынан қаржы ресурстарымен қамтамасыз етуі. 2014 жылдан бастап БЖК 2020 бағдарламасы және 2012-2020 жылдарға моноқалаларды дамыту бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік 4 қолдаудың жаңа түрі жүзеге асырылуда, бұл жаңашылдығымен және өзгешелігімен ерекшеленетін жаңа бизнес-жобасын жүзеге асыруды жоспарлап жүрген жеке кәсіпкерліктің субъектілері, жас кәсіпкерлер, әйелдер және мүгедектер үшін инновациялық гранттардың бөлінуі. Осы мақсатта Бағдарламаның 7 қатысушысына 24,0 млн. теңге сомасына жаңа бизнес-жобаларды жүзеге асыру үшін тегін гранттар берілді. Барлық мақұлдаған жобалар жаңашылдығымен ерекшеленеді, олардың жүзеге асырылуы материалдар, IT технологиялар және әдістер қолдану жолымен жаңа тауарлар мен қызметтердің пайда болуына жағдай туғызады. Аймақ жаңашылдарының инновациялық жобалары дамыту институттары тарапынан қаржылық қолдау алады. Мысалы, «ТДҰА» АҚ машина және аспап жасау, мұнай-газ, экология және т.б. салалар бойынша 226,2 млн.теңге сомасына 7 жоба қолдау тауып қаржыландырылды. Қолдау көрсетілген жобалар бірегейлігімен ерекшеленеді, мысалы, «Пневмогидро-аккумулятор әсерін қолданған тұтынушының дербес сумен жабдықтауды тұтыну үшін суайдағыш құрылғысы өндірісінің құрылуы» («РБН-Ақтөбе» ЖШС), «Үйлер мен пәтерлерді түтін мен шаңнан ауаны тазартуға арналған «AirON» жүйесі» (Н.Ж. Жанбурин) және басқалары. Жыл сайын Ақтөбе облысының «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Ақтөбе облысы әкімшілігінің және «Алтын Қыран» халықаралық қайырымдылық қорының қолдауымен «Aktobestartup» бизнес-жобалардың сайысын өткізеді. Аталған сайыс кішігірім қалалар Алға, Қандыағаш, Эмба, Жем, Темір, Хромтау, Шалқарды қоса есептегенде облыстың барлық аудандарының тұрғындары арасында өткізіледі, кәсіпкерлік қызметін жария ету мақсатында ұйымдастырылады және ауыл кәсіпкерлігін жаңа сапалы деңгейге көтеруді үндейді.

Аймақта өнеркәсіптегі инновациялық саланы дамыту шеңберінде 20 га көлемінде Индустриалдық аймақ құру бойынша жұмыстар жүргізілуде, онда 15 өнеркәсіп объектілері болады, сонымен қатар 500,0 млн. АҚШ доллар инвестиция тартылады. ТЭН сәйкес инфрақұрылым объектілерінің құрылысы бойынша жұмыстар құны 8 млрд. теңгені құрайды. Индустриалдық аймақ бағыты анықталды, ол химия, мұнай-газ, құрылыс, көлік саласының дамуына бағытталған.

Үдемелі индустриялық-инновациялық даму міндеттері аймақтарды экономикалық өркендеу және еліміздің бәсекеге қабілеттілігін нығайту орталығы ретінде қалыптастыруды талап етеді.

Президентіміз алға қойған міндеттерге сәйкес, 2020 жылы Қазақстан бизнес-ахуалы ең қолайлы деген 50 елдің қатарына енуі тиіс. Бұл шағын және

орта кәсіпкерлікті дамытуға басым назар аударуды талап етеді. Жолдауда «Он жылдықтың соңында шағын және орта бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 40 пайызға дейін көтерілуге тиістігі» айтылған [3].

Ақтөбе облысында ішкі азық-түлік рыногының жалпы көлеміндегі шағын және орта бизнес субъектілерінің үлесі 19,1 пайызды құрайды. Алдағы онжылдықта бұл көрсеткіш 2 еседен астам өсуі тиіс. Ішкі азық-түлік рыногында шағын және орта бизнес үлесінің өсуі «Бизнестің жол картасы — 2020» мемлекеттік бағдарламасы шараларының орындалуына ықпал етеді. Республикалық бюджеттен бөлінетін қаржы берілген несиенің сыйақы қойылымын қаражаттандыру және жаңа жобаларды несиелеу арқылы кәсіпорындарды сауықтыруға; жаңа жобалар үшін ішінара кепілдікті несиеле беруге; өндірістік инфрақұрылымды дамытуға; бизнесті жүргізу үшін сервистік қолдау көрсетуге бағытталатын болады.

Аймақтағы бизнес пен халықтың кәсіпкерлікке ынталы бөлігі мен нақты кәсіпкерлерді оқытуға арналған «Бизнес-кеңесші» Бағдарламасын «ФРМП «Даму» акционерлік қоғамымен бірлесіп қаржыландыру бағдарламасын, шағын несиелік ұйымдардың, бизнес-инкубаторлардың қызметтерінің аясын кеңейтуді жүзеге асыру жалғастырылуда. Жасалған болжамдарға қарағанда Ақтөбе облысында шағын және орта бизнес үлесі 40 пайызға жету мүмкіндігі бар. Бұған бизнесті масштабты түрде қолдау, шағын және орта бизнестің инвестициялық жобаларын жүзеге асыру, соның ішінде ірі кәсіпорындар маңайынан сервистік компаниялар ашу, «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі бойында жол сервиси объектілерін дамыту, т.б. арқылы қол жеткізіледі.

Үдемелі индустриялық-инновациялық даму Стратегиясы өңдеу өнеркәсібіне бұрынғыдан да жіті назар аударуды талап етеді. Бұл секторда өнім өндіру көлемін көбейту қарқынын өсіру экономикалық дамудың негізі болмақшы. Мемлекет басшысының Жолдауында тұтас алғанда республика бойынша ішкі жалпы өнімдегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі 2016 жылға 12,5 пайыздан кем емес, ал 2020 жылға 13,0 пайыз болуы керектігі нақты айтылған.

Президентіміздің Жолдауында атап көрсетілгендей, «Еңбек өнімділігі өңдеу өнеркәсібінде 2 есе, ауыл шаруашылығында кем дегенде 4 есе артуы тиіс». Нақтылай айтқанда, 2016 жылға 2 есе, 2020 жылға 4 есе өспек. Салыстырмалы түрде алсақ, 2009 жылы біздің облысымызда өңдеуші өнеркәсіпте еңбек өнімділігі 7,5 миллион теңге, ал ауыл шаруашылығында 312,7 мың теңге болды.

Президент Жолдауындағы межені орындау үшін қайта өңдеу саласындағы еңбек өнімділігін арттыратын жобаларды іске асыру жұмыстарын жалғастыруымыз керек. **Айталық, Ақтөбе феррокорытпа зауытының жылына 441,0 мың метрикалық тонна жоғары көміртекті феррохром өндіру қуаты бар № 4 цехын (жаңа зауыт) іске қосу еңбек өнімділігін 4 есеге өсіруге мүмкіндік берді. «Юбилейный» кен орнындағы жылына құрамында алтын бар 5,0 млн. тонна руданы қайта өңдейтін кен байыту**

кешенінің құрылысы, жылына 10,0 тонна никель штейнін өндіретін қуаты бар «Батамша никель зауыты» ЖШС да осы қатарға жатады.

Кәсіпорындарда техникалық қайта жарақтандыру мен өндірісті жаңалау, өндірісті ұйымдастыру мен басқаруды жетілдіру, соның ішінде менеджмент сапасы жүйесі мен еңбек ресурстарын тиімді пайдалану, өңдеу саласындағы **еңбек өнімділігін 2020 жылы – 2 есеге (7,5 млн. теңгеден 15 млн. теңгеге), ал ауыл шаруашылығында – 4 есеге (312,7 мың теңгеден 1250,6 мың теңгеге) өсіруге мүмкіндік береді [4].**

Ел Президенті республиканың 2020 жылға дейінгі даму стратегиясындағы басты элементті, инновацияға сүйенуді анықтап берді. Міне, осы инновациялық индустрияландыру мен инновациялық адам капиталын дамыту еліміздің қайырлы болашағын қамтамасыз етудегі шешуші фактор болмақ. Сондықтан облыс кәсіпорындарының инновациялық-активтік үлесі 15 пайызға, ал 2020 жылы 20 пайызға өседі. Біздің аймағымызда бұған мүмкіндік мол: қуатты өндірістік, көліктік-логистикалық және ғылыми потенциал бар. Технологиялық инновацияларды қолдану арқылы жүйелі түрде жаңа қуаттар іске қосылуда, ассортимент ұлғаюда және өнімнің жаңа түрлері игерілуде. Соңғы үш жылда инновациялық кәсіпорындар үлесі облысымыз бойынша 4-тен 6 пайызға өсті. Кәсіпорындардың инновациялық белсендігін арттыру, олардың өндіріске жаңа технологиялар енгізуін ынталандырау шаралары ойластырылуда. Өнімнің жаңа түрлері пайда болмақшы: никель-колбаттық руда, штейндегі никель, қырланған шойын, ферроникель, ыстық және салқын прокат, калий фосфоры тыңайтқышы, цемент, целлюлоза-қағаз өнімдері, т.б [5].

Облыста алғашқылардың бірі болып құрылыс материалдарының кластері құрылды. Соңғы жылдары «Қазақстан даму банкі» және «Инвестициялық қор» қаржыларын тарту арқылы бірнеше объектілердің құрылысы аяқталды, ал шығарылатын құрылыс материалдарының атаулары жиырма шақты атаудан асты, ішкі қажеттіліктердің 69 пайызы жергілікті өндірушілер арқылы қанағаттандырылады. 2018-2019 жылға ішкі құрылыс рыногының қажеттілігі 80 пайызға дейін қамтылатын болады. Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру есебінен құрылыс индустриясы дамуда, бұл шығарылатын тауарлардың номенклатурасын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Ақтөбе облысы қазіргі Қазақстан Республикасының сервистік орталығы ретінде қалыптасуы жеке және мемлекеттік инвестицияларды көптеп тартуды талап етеді. Қазір қолда бар инфрақұрылымдық жобалардың толық тізімін жасап, ашық жерлерін толтырып, осы заманғы әлеуметтік инфрақұрылым объектілері құрылысы желілеріне артықшылықтар беру керек.

Территорияны дамытудың мемлекеттік саясаты сондай-ақ аймақтың экономикалық және әлеуметтік дамуының барлық бағыттарындағы мемлекеттік-жеке әріптестіктің күшейе түсуін де қалайды.

«Ақтөбе облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ мемлекеттің, соның ішінде Ақтөбе облысы өнеркәсібінің дамуын атқаратын негізгі тетігі болып табылады. Көптеген Жоғарғы биліктің бекіткен

индустриалды-инновациялық дамыту бағдарламаларын, атап айтқанда, «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», «Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуының стратегиясы», «Ақтөбе облысының 2016-2020 жылдарға арналған аумақты дамыту бағдарламасы», «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» сияқты бағдарламаларды облыс деңгейінде іске асырады [6].

Осы бағдарламалар шеңберінде облыс бойынша көптеген іс-шаралар орындалды және ел экономикасының дамуына оң үлесін тигізді. Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы «Қазақстан-2050» Стратегиясы мен әлемнің 30 дамыған елі қатарына кіру мақсатының маңызды құралына айналды. Осы тұрғыдан Ақтөбе облысының өңдеуші және өндіруші өнеркәсіп бойынша ел ішінде алдыңғы орындарға көтерілуінің мүмкіндігі зор және сол үшін тиісті шаралар атқарылуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуының стратегиясы. –Алматы. 2017 ж.
2. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы – Астана, 27 қаңтар 2014ж.
3. Ғаламтор сайттары: www.google.kz, www.aktobegazeti.kz
4. Ақтөбе облысының 2016-2020 жылдарға арналған аумақты дамыту бағдарламасы
5. «Ақтөбе облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ресми сайты <http://industria.aktobe.gov.kz>
6. Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам

*Мусиров Г.¹, Сисекенова А. Қ.¹
¹«Баишев университеті» мекемесі*

ПРЕДПОСЫЛКИ РАЗВИТИЯ РЕГИОНОВ В ИНДУСТРИАЛЬНОМ НАПРАВЛЕНИИ

Аннотация

В статье изложены необходимость и возможности промышленного развития Казахстана и регионов, а также предпосылки для его реализации. В то же время характеризуются развитие обрабатывающей промышленности и отечественной промышленности через развитие науки и инноваций, развитие малого и среднего бизнеса, диверсификацию экономики.

Ключевые слова: региональная экономика, промышленность, МСП, индустриально-инновационные, конкурентоспособные, сырьевые ресурсы,

промышленность, товарное производство, диверсификация экономики, инвестиции, новые технологии.

*Mussirov G.¹, Sissekenova A. K.¹
¹Baishev University*

BACKGROUND OF THE DEVELOPMENT OF THE REGIONS IN THE INDUSTRIAL DIRECTION

Abstract

The article outlines the need and opportunities for the industrial development of Kazakhstan and the regions, as well as the prerequisites for its implementation. At the same time, the development of the manufacturing industry and the domestic industry is characterized through the development of science and innovations, the development of small and medium-sized businesses, and the diversification of the economy.

Keywords: *regional economy, industry, SMEs, industrial-innovative, competitive, raw materials, industry, commodity production, economic diversification, investment, new technologies.*

МРНТИ 06.73.55

*Мусиров Г.¹, Зайтжанова М.З.¹
¹«Бәйішев университет» мекемесі*

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАНК ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Мақалада Қазақстанда жүргізілген банк жүйесін реформалаудың қажеттігі мен ерекшеліктері қарастырылады. Қазақстанда жүзеге асырылған банктік реформалар кезеңге бөлініп зерттеледі және әрбір кезеңнің өзіне тән артықшылықтары мен кемшіліктері сипатталады. Сонымен қатар бүгінгі коммерциялық банктердің пайда болу себептері мен қалыптасу жағдайлары қамтылады.

Кілт сөздер: *рыноктық экономика, банк жүйесі, мемлекеттік банк, банктік реформа, коммерциялық банктер, кредит жүйесі, банк қызметі, кредит, Орталық банк, бірінші деңгейлі банк, екінші деңгейлі банктер, кредиттік мекемелер.*

Жалпы кез келген үкіметтің қаржылық және ақша-кредит саясатының қалыптасуы сол елдің нақты экономикалық жағдайын терең әрі ғылыми-теориялық негізде зерттеуге сүйенеді. Міне, осыған байланысты ең алдымен, Қазақстандағы экономикалық жағдайды, соның ішінде ақша-кредит қатынастарының нақтылай қалыптасу көрінісін сонау рынокка көшу кезеңінен

бастап осы уақытқа дейінгі аралықта көрсеткен дұрыс сияқты. Осы орайда рынокка көшпелі кезеңдегі (1986-1993 жж) республикадағы банк жүйесінде орын алған нақты өзгерістер мен объективті экономикалық шарттарды ескермей кетуге болмайды. Ал, Қазақстандық банк жүйесінде осы уақыт аралығында орын алған өзгерістерді үш кезеңмен суреттеуге болады [1].

Бірінші кезең (1988-1990жж) – Кеңестер аймағында «Кооперация туралы» заңның қабылдануына байланысты. Шын мәнісінде бұл құжат банк саласында рыноктық қатынастардың пайда болуының негізін қалады. 1988 жылдың тамыз айында кооперативтік үлестік жарна (пай) негізінде Кеңестер Одағында, соның ішінде Қазақстанда тұңғыш кооперативтік (коммерциялық) банк ашылды.

Екінші кезең 1988-1990жж аралығын қамтиды. Қазақстан Республикасының егемендігі жарияланғаннан соң іле-шала Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі 1990 жылдың желтоқсан айында «ҚСРО-да банк және банк қызметтері туралы» заң қабылдаған болатын. Бұл заң бұған дейін іс жүзінде ресми қызмет атқарып келген екі деңгейлі мемлекеттік банк жүйесіне тиым салып, олардың ұқсас рыноктық құрылымын бекітті, яғни банк жүйесінің жоғарғы деңгейінде – ҚСРО-ның мемлекеттік банкі болса, төменгі деңгейінде – коммерциялық банктер мен басқа да кредиттік мекемелер болды.

Банк жүйесінің дамуындағы үшінші кезең 1993 жылдан бастау алады. Алдымен жыл басында банк жүйесінің құрылымдық өзгерістеріне түбегейлі әсер еткен бірнеше заңдар қабылданды. Осы жылдың сәуір айында қабылданған «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметтері туралы» және «Қазақстан Республикасында валюталық реттеу туралы» заңдар банк жүйесінің одан әрі даму бағыттарын айқындауда маңызды рөл атқарды. Ал осы жылдың соңында ұлттық теңгенің өмірге келуі – Қазақстанның орталық банкі, яғни Ұлттық банктің елдің ішкі және сыртқы тұрақтылығын қамтамасыз етуге, ақша-кредит саясатын тұрақты әрі тәуелсіз жүргізу құқығына мүмкіндік берді.

Ендігі кезекте еліміздің ақша-кредит қатынастарындағы болған өзгерістер қандай ерекшеліктерімен сипатталады? Қысқаша осы өзгерістерге тоқталып көрейік.

1986-1989 жылдар – кеңестік аймақтағы экономикалық салаларда басталған дағдарыстармен, соның салдарынан орын алған жалпы құрылымдық өзгерістерімен (банк саласында алғашқы реформалық өзгерістер жүргізіле бастады) ерекшеленеді, сондықтан шаруашылықтарды өзін-өзі қаржыландыру мен толық шаруашылық есепке көшіру, сол арқылы өндірісті қарқындыру, оның үздіксіздігін қамтамасыз ету (1986-1987жж), жұмыстары жүргізілді, яғни экономиканы жедел дамыту бағытына бетбұрыс жасалды. Ал бұл шаралардың алдымен банк жүйесін реформалаусыз жүзеге асуы мүмкін емес болатын. Сондықтан халық шаруашылығын қайтақұрылымдау немесе рыноктық экономиканың міндетті шарты болып есептелетін шаруашылық есепке көшу үшін оның басты артериясы – банк жүйесіне өзгеріс енгізу қажеттігі туды.

Нақтырақ айтсақ, рыноктық қатынастарға немесе рыноктық экономикаға өту қарсаңында КСРО кеңістігіндегі банк жүйесінде жүргізілген 1987 жылғы

реформаның көрінісін былайша сипаттауға болады. Алдымен, өзгеріс сипаты былайша өрбіді: өзіне Мемлекеттік банк, Құрылыс банкі мен Сыртқыэкономбанкті біріктіретін әрі мемлекеттік монополиядағы кеңестік банктік жүйе түбегейлі өзгеріске ұшырады. Бұрынғы үш банктің орнына енді КСРО Мемлекеттік банкінен (Госбанк) өзге, бес салалық арнайы КСРО Өнеркәсіптік-құрылыс банкі (Промстройбанк), КСРО Сыртқысауда банкі (Внешторгбанк), КСРО Агроөнеркәсіптік банкі (Агропромбанк), КСРО тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылығы және әлеуметтік даму банкі (Жилсоцбанк), КСРО Жинақ банкі (Сбербанк) құрылды [2].

Банктік реформаның жүргізілу қажеттілігін ССРО Орталық Комитеті өзінің 1987 жылғы 17 шілдеде қабылдаған № 821 Қаулысында былайша келтіреді: «...өндірістің әл-ауқаты мен ресурстарды тиімді пайдалануды бақылау және ұдайы өндірісті басқару құралы қызметін атқаруда кредиттік тұтқалар мен ынталандырулар шын мәнісінде өз рөлін жоғалтты» [3]. Шындығында, банктік кредит осы кезеңге дейін экономиканың кез-келген саласындағы ұдайы өндіріс үдерісінің үздіксіздігін қамтамасыз ете отырып, онымен біте қайнасып араласып кеткен болатын және банктер өзінің кредит құралы арқылы мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің шаруашылық қызметтерін, қала берді қаржылық нәтижелерін де бақылап отырды. Мысалы, 1971-1985 жж. өндіріске жұмсалған кредиттік салымдардың өсім қарқыны қоғамдық жалпы өнімнің өсім қарқынынан 2 есе жоғары болды. Кәсіпорындардың айналым қаражаттарын қоректендіріп отырған банктік кредиттердің үлесі 1985 жылдың аяғында 57,5 пайызға жетті, керісінше кәсіпорындардың меншікті қаражат көздері 20,3 пайызға қысқарған еді. 1966-1985 жж. аралығында қорлану қорлары 3 мәрте және амортизациялық аударымдар 5,5 мәрте өскенде, ұзақ мерзімді кредиттер 13 мәртеге өсті [4]. Бұл қысқа мерзімдік сипаттағы қаражаттардың ұзақ мерзімді мақсаттарға белсенді пайдаланғандығының айғағы. Банк кредитінің халық шаруашылығында осыншалықты қолданылу дәрежесіне қарамастан еліміздің тұтас экономикалық жағдайы 1987 жылдың қарсаңына төмендегідей ауыртпашылықтармен қадам басты:

- өнеркәсіп кәсіпорындарының үштен бірі табыс немесе пайда жоспарын орындай алмады;
- агроөнеркәсіп саласының әрбір бесіншісінің қаржылық қызмет нәтижесі залалмен аяқталды (6 мыңға тарта колхоздар мен совхоздар, немесе олардың жалпы санының 13 пайызы);
- соңғы үш бесжылдықтағы мемлекет шығындары олардың кірісінен асып кетті және тез қарқынмен өсті, нәтижесінде бюджет тапшылығы рубль тұрақтылығын шайқалтты;
- халық тұтынатын тауарлар өндірісі сұраныс пен олардың қажеттіліктеріне сай келмеді, нәтижесінде соңғы екі бесжылдықта тұрғындарға 22 млрд. рубльдің тауарлары өндірілмеді және 4,5 млрд. рубльдің қызметтері көрсетілмеді.

Бір айта кетерлік жәйт, халық шаруашылығына берілген осы кредиттердің сол кеңестік дәуірде өте арзан құнмен көп мөлшерде (тегін деуге де болады) пайдаланғандығын, яғни кредиттің *несие* рөлін атқарғандығына көз жеткіземіз. Бұл жерде *несие* ұғымы бүгінгі ислам қаржыландыру құралдарына балама категория, яғни пайызсыз тегін берілетін қаржы құралы [5].

Сол кезеңдегі кредитті пайдалану үшін төленетін пайыздық төлем деңгейі әрі кеткенде әлеуметтік қорлар үшін төленетін төлемдердің (1-3 пайыз жылдық) деңгейінде болатын. Алайда кредит көлемінің қаншалықты жоғары болғанымен оның шынайы экономикалық рөлінің экономиканы тұрақтандыру мен көтерудегі қауқарсыздығын, тиімсіз қолданыста болғанын біз мынадай жағдайлармен түсіндіреміз:

- кәсіпорындар мен мекемелердің меншікті және айналым қаражаттарын ысырапшылдық жағдайда пайдалануы (меншік үлесінің толығымен мемлекет иелігінде болу салдарынан деп есептейміз) нәтижесінде олардың дебиторлық қарыздарға, күрделі құрылыс пен күрделі жөндеулерге, басқа да кездейсоқ шығындарға бытыраңқы түрде жұмсалуды салдарынан;

- меншікті қаражаттардың жетіспеушілігінен оның айналымдылығының ұзақтығы, сол себепті берілген кредит көлемін өндіріс үдерісінің жұтып алуы және өндірістің нормативті көрсеткіштерінің (пайда, өнімнің өзіндік құны, өнім бағасы, т.б.) орындалмауы;

- бұл екі фактордың есебінен кредиттердің уақытында қайтарылмауы орын алады және олар кредиттің шамадан тыс өсуіне алып келді (кейіннен бұл берешектерді банктер мерзімі өткен кредиттер есебінен кәсіпорын шотынан бірнеше есе жоғары пайызбен өндіріп алды);

- кәсіпорынның меншікті қаражаттары, бюджет қаржылары мен кредиттердің ара-жігі ажыратылмады, бұлардың өндіріс үдерісі барысында бір-бірімен араласуы кредиттеу тетігін күрделендіріп, кредиттің экономикаға әсерін тежеді.

1987 жылғы КСРО-дағы банктік реформаның бастапқы кезеңінде КСРО Мемлекеттік банкі жиынтық кредиттік жоспарларды дайындау, ресурстар мен кредиттік жұмсалымдарды бөлу міндетін жүргізді. Бірінші жиынтық кредиттік жоспар 1988 жылы бекітілді. Ал, 1989 жылдың наурыз айынан бастап арнайы мамандандырылған мемлекеттік банктердің толық шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыру жағдайына көшуінің тәртібі анықталды. Сонымен қатар КСРО Мемлекеттік банкі бұл арнайы мамандандырылған банктерге кредиттік ресурстардың, тұрғындардан қаражаттарды тарту көлемінің, банктік операциялардан шетел валютасымен түсетін түсімдердің бақылаушы мөлшерін (контрольная цифра) орнату міндетін де орындады. Дегенмен Мемлекеттік Банк осы кезеңде қаржылық бақылау, қадағалау функциясынан айырыла бастады. Мұның себебі, біріншіден ол өз ресурстарының бір бөлігін кредиттік ресурс ретінде арнайы мамандандырылған банктерге еншілеп берген болса, екіншіден, мамандандырылған банктер заңды және жеке тұлғалармен арада қысқа және ұзақ мерзімді кредиттеу үдерісін тәуелсіз жағдайда жүргізу құқығына ие бола бастаған болатын. Міне осы кезең, біздің пікірімізше,

банктердің бір жағынан рынок қатынастарына дайындықсыз қадам жасай отырып, екінші жағынан кредиттік жоспарды орындау барысында ресурстарды шоғырландыру, орталықтанған ресурстар үшін ыңғайлы пайыздық мөлшерлемелерді белгілеу, коммерциялық банктердің жарғылық қорларының мөлшерін және кредиттік ресурстарды реттеу қорларына аударымдарды қалыптастыру бағытында жаңадан мамандандырыла бастаған банктердің бір-біріне жанталаса «соғыс» ашқан кезеңі болды. Бұл түсінікті де, бір жағынан осы жаңадан қалыптасқан арнайы банктер рынок жағдайына бейімделіп табыс табуға жанталасса, екінші жағынан белгіленген жоспарлы көрсеткіштерді орындауға тырысты. Дегенмен, бұл КСРО-ның тарихында кредиттік жүйені реформалауға жасалған, яғни банктік жүйені толық шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыру қағидасына негіздеген алғашқы қадам еді. Алғашқы уақытта реформа нәтижесі оң серпіліс тудырды, әсіресе маманданған арнайы банктердің бір тектес клиенттермен жұмыс жасауы салааралық экономикалық тәсілдердің жандануын қалыптастыра бастады.

Алайда бұл реформаның өміршендігі байқалмады. Керісінше сәтсіз тұстары басымдау болды. Біздің пікірімізше, мемлекет тарапынан жасалған бұл реформа банктердің салалық мамандануының жеңіл, үстірт түрін ғана қамтыды. Банк жүйесінің жоғары сатысы салалық мамандануға икемделіп, көшіп жатқанда, банктің төменгі бөлімшесінде құрылымдық өзгеріс байқалмады. Мысалы, салалық арнайы маманданған банктің төмендегі бір ғана бөлімшесінде бекітілген клиенттің басқа банкке ауысу құқығы болған жоқ, сондықтан басқа сала клиенттеріне көрсетілуге тиіс қызмет түрлерінің бәрін төменгі сатыда тек бір ғана банк бөлімшесі атқарды. Нәтижесінде, банк құрылымында дайындықсыз жасалған реформалық өзгеріс тек жоғары сатыда ғана қалып қойды, төменгі бөлімшелерде ешқандай да өзгеріс болған жоқ. Ал бөлімшеде банктік қызмет алатын клиенттерді салалық белгісі бойынша бөлу жұмыстары жоғарыдан түсетін нұсқау арқылы жүргізілетін болғандықтан, оларды бөлу тәртібінде белгілі бір жүйе болмады, бола қалған жағдайдың өзінде көбіне нәтижесіз аяқталды. Себебі бұл жұмыс банк бөлімшесін шұғыл ашу мәселесіне қатысты ұйымдастыру деңгейіне келіп тірелді (ғимарат, құрал-жабдық, кадр, т.с.с). Банктегі реформалық өзгерістің бұл түрі банк жүйесіндегі либеральдық жағдайды күрделендірді: мамандандырылған жоғарғы сатыдағы банктердің клиенттеріне бір банк бөлімшесінде қызмет көрсетілгендіктен жоғары жаққа мезгіл-мезгіл есеп беру жұмыстары қиындады, олардың қайталануына жол берілді; бухгалтерлік есеп қызметінде сәтсіздіктер орын алды; есеп айырысу, аударым операцияларында ақша айналымдылығы нашарлады; банк операцияларының орындалуы тежелді, дұрыстығы айқындалмады, төлем жүйелерінде де кешіктірілу, қарыздардың шоғырлануы жиіледі т.с.с, яғни банк жүйесінің қызметтерінде көптеген қолайсыздықтардың орын алуына әкелді. Нәтижесінде жаңадан құрылған салалық арнайы мамандандырылған банктердің құрылымы төңкерілген пирамида тәрізді күйде болды. Жоғары құрылымында тек атын ғана өзгерткен салалық банктер клиенттер үшін бір-бірімен таласып, олардың арасында «мынау сенің

клиентің», «менің клиентім емес» секілді соқыр саралаушылық туғызып, клиенттердің бәріне дерлік жан-жақты қызмет көрсетіп отырған төмендегі банк бөлімшелеріне орасан зор қысымшылық түсірді. Біздің ойымызша құрылымдық өзгеріс төменнен басталуы керек еді, өйткені әр саланың клиенттеріне кредиттік, есеп айырысу, кассалық қызмет көрсетіп отырған жергілікті банк бөлімшелері болатын. Бұдан шығатын қорытынды – банктік реформа сол кезеңде алдымен банктердің салалық мамандану бағытынан гөрі (мамандандырылған банктердің ашылуына уақыт әлі ертерек еді), банктердің коммерциялану, яғни әмбебап (универсалды) қызметтер атқару мүмкіндігін ескеру бағытында жүру керек еді. Бұлай айтуымыздың себебі, сол кезеңдегі рыноктық экономикасы дамыған мемлекеттерде банктік операциялар мен кешенді қызметтерінің 200-ге жуығы белгілі еді. Ал КСРО банктерінің клиенттерге көрсететін қызмет түрлері санулы ғана болатын (кредит беру, есеп айырысу, кассалық және салым қабылдау).

1987 жылғы жүргізілген банктік реформаның сәтсіздігін қазақстандық белгілі ғалым әрі банк маманы Б.К. Иришев былайша тұжырымдайды: «Жаңадан құрылған ұйымдық құрылым шеңберінде 1987 жылғы банктік реформа барысында қалыптасқан бұл банктік жүйенің толығымен қауқарсыздығын біржақты мойындауымыз қажет. Оның өмір сүру қабілетсіздігі банк қызметкерлерінің ғылыми ортада демократиялық тұрғыда талқылауынсыз дайындап, қабылдаған «қайта құру» қағидаларының негізінен-ақ байқалған» [6]. Біз де осы пікірді ұстанамыз. Осы орайда 1987 жылғы жүргізілген банктік реформадан туындайтын оңтайлы және мәселелі тұжырымдарды келтіре кетуді жөн көрдік, алдымен *оң нәтижелі* жақтарына тоқталсақ:

- алғаш рет банктік жүйенің құрылымдық түрлендірілуі жүзеге асырылды, кейіннен бұл банктік жүйенің деңгейлік бөлінуіне әкелді;

- банктердің өзін-өзі қаржыландыруы мен шаруашылық есепке көшуі банк саласындағы рыноктық қатынастарға жасалған алғашқы қадам болып табылады, нәтижесінде банктердің коммерциялануына әкелді.

Ал *мәселелі* жақтарына келсек:

- банктердің мамандандырылуы тек жоғары сатысында жүрді, экономиканың оңтайлы өзгерісіне әсер ете алмады;

- құрылымдық банктердің төмендегі бөлімшелері әмбебап (универсалды) қызмет атқарғандықтан, төлем, есеп айырысу, қызмет көрсету жұмыстарында келеңсіздіктер орын алып, керісінше экономикалық дағдарыстың одан әрі күшеюіне ықпал жасады.

Қазақстандағы банктік реформаның бұл кезеңіндегі айырықша бір ерекшелік – 1988 жылдың тамыз айында, яғни кооперативтік үлестік жарна (пай) негізінде құрылған ең алғашқы кооперативтік (коммерциялық) банктердің ашылуы. Банктік реформаның әлемдік банк жүйесіне сай қалыптасуына мұрындық болған осы жылдың мамыр айында қабылданған «Кооперация туралы» заңның [7] шығуы және маусым айындағы Алматы қаласында э.ғ.д. Б.К.Иришевтің бастамасымен әрі 160 кәсіпқой-банкирлер мен клиенттердің, ғалым-экономистердің қатысуымен «Банктік реформа: ізденістер жалғасады»

тақырыбында өткізілген дөңгелек стол болды [8]. Міне осы отырыста алғаш рет банк саласын қайта құрудағы алып отырған кемшіліктер ашық түрде кең талқыға түсіп, банк жүйесіне рынок талаптарына сай өзгеріс жасау қажеттігі жайында пікірлер мен ұсыныстар айтылды. Нәтижесінде Оңтүстік Қазақстан облысы, «Союз» кооператорлар бірлестігі отырысының 18 шілдедегі шешімімен «Союз-Банк» деп аталатын Шымкенттік кооперативтік банк құрылды.

1988 жылдың 24 тамызында «Союз-Банк» Шымкент кооперативтік банкісінің Жарғысы КСРО Мемлекеттік Банк Басқармасында бірінші нөмірмен тіркелді. Бұл – Қазақстан тарихындағы, қала берді Кеңестер Одағы тарихындағы бірінші құрылған *коммерциялық* банк еді (екінші – «Патент» деп аталатын Петербург банкісі, үшінші кезекте – Москвалық Кооперативтік банк құрылды). Өкінішке орай, «Союз-Банк» уақыт қыспағына шыдай алмады, 1995 жылдың 24 тамызында Қазақстан Ұлттық Банк тарапынан оның лицензиясы жойылды [9].

1988 жылы Қазақстанда Алматы облысының кооператорлары одағының ұйғаруымен «Центр-Банк» (қазіргі ЦентрКредитБанк) деп аталатын Алматы орталық кооперативтік банкі құрылды, мұның жарғысы Мемлекеттік Банкте төртінші нөмірмен 1988 жылдың 19 қыркүйегінде тіркелді.

Кеңес Одағы тұсында коммерциялық банктердің өмірге келе бастағаны туралы 1990 жылдың 12 наурызында баспасөз газеттерінің бірі «Financial Times» Д.Ласкепластың «Дух предпринимательства» деген мақаласын жариялады. Бұл мақала оқырмандарды КСРО-дағы алғашқы коммерциялық банктің ашылуымен таныстыра келе, Одақ тұсындағы банк бизнесінің даму алуы туралы өзінің таңқалысын былайша жеткізеді: «бұл банк әлі де болса мемлекеттік жүйеден тәуелсіз емес..., оның үстіне салық қысымы бар, ал клиенттерінің үштен екісі кооператорлар, олардың қызметі заң жүзінде дұрыс болғанымен жоғары тәуекелге ие, әрине мұндай еркін кәсіпкерлік жағдайында жақсы табыс табуға болғанымен, бәрінен айырылып қалу да мүмкін» [10]. Осылайша, мемлекеттік меншік жүйесінде «жоспарлы-рыноктық» экономика құру бағытына қадам басқан алғашқы коммерциялық банктердің ізі, бүгінде коммерциялық әмбебап кәсіпқой банктермен өзінің жалғасын тапты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Парамонов В.В. Экономика Казахстана (1990-1998). Алматы, Ғылым 2007
2. История денежно-кредитной системы России: Учебное пособие / Под ред. Н.И.Парусимовой. – Оренбург: ГОУ ВПО ОГУ, 2004.
3. КСРО Министрлер Советінің және ОК СОКП-ң біріккен шешімімен қабылданған № 821 Қаулысы. 17.07.1987 жыл.
4. Ютиш В.М., Бахарев В.А. Банки и банкири Казахстана. – Алматы, 2004.
5. Мусиров Г. Кредит–несие жүйесі: теориялық-экономикалық табиғаты, эволюциясы және әлеуметтендіру жолдары. Қарағанды 2009.
6. Иришев Б.К. Денежно-кредитная политика. Алматы: Издательство Ғылым, 1990.

7. Кооперация и аренда: Сборник документов и материалов. Кн. 1. – М.: Политиздат, 1989.
8. Иришев Б.К. «Банковская реформа: поиск продолжается». Казахстан, Деловой клуб экономистов, 1989.
9. Кучукова Н.К. Макроэкономические аспекты реформирования финансово-кредитной системы Республики Казахстан в условиях перехода к рыночной экономике. – Алматы: Гылым, 1994.
10. Газета Financial Times. Д. Ласкеплас: Дух предпринимательства. – 12.03.1990.

Мусиров Г.¹, Зайтжанова М.З.¹
¹ Учреждение «Баишев университет»

ОСОБЕННОСТИ РЕФОРМИРОВАНИЯ БАНКОВСКОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В статье рассматриваются необходимость и особенности реформирования банковской системы в Казахстане. Проводимые в Казахстане банковские реформы периодически изучаются и характеризуются специфическими преимуществами и недостатками каждого периода. Кроме того, освещены причины возникновения и условия формирования современных коммерческих банков.

Ключевые слова: *рыночная экономика, банковская система, государственный банк, банковская реформа, коммерческие банки, кредитная система, банковское обслуживание, кредит, Центральный банк, банк первого уровня, банки второго уровня, кредитные учреждения.*

Mussirov G.¹, Zaitzhanova M.Z.¹
¹Baishev University

FEATURES OF REFORMING THE BANKING SYSTEM OF KAZAKHSTAN

Abstract

The article discusses the need and features of reforming the banking system in Kazakhstan. The banking reforms carried out in Kazakhstan are periodically studied and characterized by specific advantages and disadvantages of each period. In addition, the causes and conditions of the formation of modern commercial banks are highlighted.

Keywords: *market economy, banking system, state bank, banking reform, commercial banks, credit system, banking services, credit, Central Bank, first-tier bank, second-tier banks, credit institutions.*

МРНТИ 06.61.33

Мусиров Г.¹, Қасен Т. Ә.¹
¹«Башиев университеті» мекемесі

ӨНІРЛІК ӘЛЕУЕТ – ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ

Аннотация

Мақалада Қазақстандық өңірлерді экономикалық дамыту мәселесі әлеуметтік-экономикалық даму объектісі ретінде қарастырылады. Сол сияқты өңірдің экономикалық әлеуетін қалыптастырудағы өңірлік саясат жүргізу, мемлекеттік органдардың өңірлік даму саласындағы жұмыстарын үйлестіру, мемлекеттік және салалық бағдарламалардың орындалуы, өңірлерді дамытудың басымдыққа ие міндеттерін шешу, өңірлердегі өмір сүру жағдайын жақсарту және әлеуметтік, экономикалық, экологиялық мәселелері факторлық тұрғыдан сипатталады.

Кілт сөздер: өңірлік экономика, өңірлік саясат, аймақ, экология, бәсекеге қабілеттілік, экономикалық әлеует, әлеуметтік теңгерімсіздік, өңірлік даму, экономикалық прагматизм, аумақтық даму, ұлттық экономика, өзін-өзі басқару, өзін-өзі қаржыландыру.

Елбасының Қазақстан халқына 2012 жылдың 14 желтоқсанында «Қазақстан-2050 стратегиясы «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»» Жолдауында, Қазақстанның басты мақсаты 2050 жылға қарай әлемнің ең озық дамыған отыз елінің қатарында болуға тиіс. Жаңа экономикалық бағыттың саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу міндетіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм дей келе осыны жүзеге асырудың бірі ретінде: «... біз өңірлерді дамытуда әлеуметтік теңгерімсіздік мәселелерін шешуге назар аударуға тиіспіз... Ең алдымен, мемлекеттік органдардың өңірлік даму саласындағы жұмыстарын үйлестіруді күшейту қажет. Міндет – мемлекеттік және салалық барлық бағдарламалардың орындалуын өңірлерді дамытудың басымдыққа ие міндеттерін шешумен үйлестіру» деген болатын [1].

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясында: өңірлік және әлемдік экономикада бәсекеге қабілетті мамандануды қалыптастыру, экономикалық әлеуетті және халықты таратып орналастыруды ұтымды кеңістіктік ұйымдастыру негізінде елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету және халықтың тыныс-тіршілігі үшін қолайлы жағдайлар жасау, - делінген [2].

Мемлекеттің даму барысында өңірлердің және олардың билік ететін органдарына мынадай көптеген жағдайлар әсер етеді:

- өмірдің әлеуметтік жағы және адам факторының басым рөл атқаруы;
- өңірлердің өзара байланыстарының едәуір ұлғаюы;

- еңбек ресурстары жылжымалылығының күшейе түсуі ;
- өңірлердің өндіріс құрылымы мен инфрақұрылымының күрделене түсуі;
- территориялық еңбек бөлінісі әрі оның тереңдей түсуі мен халықаралық маңызының артуы үдейеді.

Бұл тенденцияның дамуы, біріншіден, мемлекет пен өңірлер арасында басқару функцияларын қайта бөлу, қайта қарастыру; екіншіден, мемлекеттік территориялық басқарумен жергілікті өзін-өзі басқарудың ең жақсы үйлесімін көздейді.

Егеменді мемлекеттің өңірлік саясатын анықтай түсу өте қажетті заңдылық. Осы саясаттың негізгі көрсеткіші болып өндірушілер мен тұтынушылардың экономикалық бостандығы мен шығармашылық іскерлігі есептеледі. Тауар өндіруші түбінде тек тұтынушы алдында ғана экономикалық жауаптымын деп есептеуі керек. Өңірлер мен шаруашылық бірліктерінің өзін-өзі дамытудың міндетті түрдегі жағдайлары мыналар болып есептеледі: өзін-өзі басқару, серіктік қалаудағы бостандық, өндіріс құрал-жабдықтар рыногы, валюталық қаражат және басқа элементтер. Өңірлік басқару жалпы республиканың және облыстардың ерекшеліктерінің барлық түрлерін барынша қамтуы тиіс.

Әрбір мемлекетте екі түрлі территориялық құрылымдар бар. Олар ұлттық деңгейден төмен. Біріншісі – аралық территориялық құрылымдар және соған сәкес, билік ететін органдар мен басқару. Екіншісі – ең төменгі (негізгі) әкімшілік–территориялық құрылымдар және жергілікті басқару органдары [3].

Жергілікті билік жүргізетін – ол төменгі әкімшілік органдар. Олар өз қызметтерін қалалық болмаса селолық аудандарда іске асырады.

Аралық және жергілікті билік органдарды қаражаттандырудың негізгі үш кіріс көзі бар: салықтар – мемлекетке міндетті түрде қайтарылмайтын төлемдер; салықтық емес табыстар – басқа да барлық табыстар (әр түрлі жәрдемдер, займдар, тб.); субсидиялар – пайызсыз берілетін ақшалай жәрдемнің түрі.

Өңірлік рынокты объект ретінде екі жағынан қарауға болады. Бірінші жағынан, ол елдің халық шаруашылық рыногының ажырайтылмайтын бөлігі, екінші жағынан, дербестік жүйе.

Бюджетті қалыптастыру мен пайдалану жүйесін енгізуде жергілікті органдардың өкілеттілігін арттыру қажет. Республикалық және жергілікті бюджеттердің әрекеттестік тиімділігін қамтамсыз ету келесідей негізгі бағыттарда жүргізілуі керек:

- өңірлерге орталықтандырылған тікелей көмекті қамтамсыз ету, соның мүдделі пайдалануының бақылау тетіктерін әзірлеу;

- жергілікті бюджеттерге орталықтандырылған қолдаудың нысандарын жаңарту, өңірлердің ерекшеліктерін ескере отырып білімге, денсаулық сақтауға, тұрғындарды әлеуметтік қорғауға мүдделі субвенцияларды бөлуді тәжірибеге енгізу;

- экономикалық даму жағынан артта қалған өңірлер мен дағдарысқа ұшыраған шағын және орта қалалар, алыстағы селолық аудандардың дамуын жеделдету үшін салық, кеден және тағы басқа режимдерден жеңілдіктер енгізу қажет.

Өңірлік басқарудың тиімділігі оның ұйымдастырушылық құрылымы өте күрделі өңірлік басқару объектісінің құрылымына сәйкес келуімен сипатталады. Оған себеп: басқару объектісінің көптеген қайшылықтары, жеке нышандары бар. Оларға ұлттық - мемлекеттік және әкімшілік-өңірлік құрылыс, өндіріс күштерінің орналастырылуы мен адамдардың, тұрғындардың орналасу тығыздығы, көлік байланыстары, т.б жатады.

Ұлттық экономикалық тұрақты өсуі елдің проблемалық өңірлеріндегі өмір сүру жағдайын жақсартпайынша мүмкін емес. Республиканың қазіргі экономикалық кеңістігі әлеуметтік, экономикалық, экологиялық ерекше проблемаларымен сипатталатын әр түрлі өңірлерді қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда және өңірлердің мамандырылуы қағидасына сәйкес республика өңірлерін төрт топқа бөлуге болады:

- шаруашылықтарының құрылымы экспортқа бағытталған;
- индустриялық дамыған;
- агроөнеркәсіптік;
- дағдарыстық.

Бірінші топ – стратегиялық сипаттағы минералды ресурстардың айтарлықтай қорларын иеленетін және ғылыми-өндірістік әлеуетінің қарқынды дамуына жеткілікті мүмкіндігі бар, бірақ ауыл аймақтарының экономикалық-әлеуметтік артта қалуымен, экологиялық жағдайларының нашар болуымен ерекшеленетін өңірлер. Бұл өңірлерге Қазақстан экономикасын дағдарыстан шығару және тұрақтандырудың рөлі беріледі. Осы аймақ топтары үшін төмендегідей проблемалар кешенін шешу қажет деп атап көрсетуге болады:

- минералдық шикізат және көмірсутек шикізаттарын кешенді өндіру мен өңдеудің жаңа технологияларын енгізу негізінде стратегиялық шикізат түрлеріне бай жерлерді интенсивті игеру;
- отандық және шетелдік инвесторлар үшін қолайлы инвестициялық климатты анықтайтын және стандартқа жауап беретін жоғары дамыған өндірістік, әлеуметтік және нарықтық инфрақұрылымдарды құру;
- ауыл аймақтарының дамуындағы «жинақталған» күрделі проблемаларды (әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және т.б.) шешу.

Екінші топ – ауыр индустрия салаларына нақты маманданған, жоғары технологиялық ғылымды қажетсінетін өндіріс құру қолайлы экономикалық жағдайлары және жоғары ғылыми-өндірістік әлеуеті бар, негізінен қаржылық ресурстармен өзін-өзі қамтамасыз ете алатын өңірлер жатады.

- шетел инвесторларын тарту жолымен экспорттық әлеуетті қалыптастыру;
- жаңа ғылымды қажетсінетін өнімдер шығаруды ұйымдастыру, жаңа технологиялар негізінде құрал-жабдықтар мен машиналар, электроника

құралдары, автомобиль құрылысы, жаңа материалдар, лазер технологиясын дамыту;

- нарықтық инфрақұрылымды дамытуды жетелдету.

Үшінші топ – ауыл шаруашылығына маманданған агроөнеркәсіптік кешенді өңірлер. Бұл топтағы өңірлер үшін халықтың жұмысбастылығын қамтамасыз ету және жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында ауыл шаруашылығы мен оған сабақтас дамитын салаларда шағын және орта бизнесті, яғни кәсіпкерлікті дамыту қажет.

- ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру үшін тиімді мамндандыруды жүзеге асыру;

- ауыл шаруашылық өнімінің жоғары сапалығын және экспорттық әлеуетінің өсуін қамтамасыз ететіндей өндірістік үрдістеге жаңа технология мен техникаларды енгізу және пайдалану;

- тұтыну нарығын тепе-тең түрде дамыту мақсатында, тұтыну заттарын өндіретін ауыл шаруашылығының базасын нығайту, міндетті түрде өндірістік және әлеуметтік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды құру.

Төртінші топ – қысылшаң табиғи-климаттық, әлеуметтік-экономикалық және техника-технологиялық жағдайдағы, шаруашылықтың салалық құрылымы ұтымды емес дағдарыстық өңірлер, сонымен қатар экологиялық дағдарысқа ұшыраған аудандар жатады. Бұл өңірлерде жинақталған проблемалардан «арылу» үшін мемлекеттік реттеудің нақты шаралары қажет [4].

- экологиялық дағдарыстың тереңдеу үрдісінің алдын алу;
- осы өңірлерде тұратын халықтардың өмір сүру сапасын және деңгейін көтеру үшін материалдық негіз құру жөнінде нақты шаралар қабылдау;
- шетелдік техникалық және гуманитарлық көмектерді тарту және оларды тиімді пайдалану.

Республика өңірлерін мұндай топтастыру басқарудың өңірлік мәселелерін тиімді шешуге және жергілікті шаруашылықтарды қарқынды дамытуға мүмкіндік береді. Бұл біріншіден, мемлекет пен өңірлер арасындағы басқару мен болжау функцияларын лайықты қайта бөлуге және, екіншіден, мемлекеттік территориялық басқару мен болжау және жергілікті өзін-өзі басқару мен болжауды үйлесімді үйлестіру қажеттілігіне әкеледі.

Бұл жағдай Қазақстанға лайық. Себебі, республикамызда мемлекеттікті жасау экономикалық тұрғыдан дамыған өңірлерсіз, тармақты әлеуметтік инфражүйесіз мүмкін емес.

Өңірлік моделдеу мен басқару және болжаудың методологиялық аспектілерін қарастыра отырып, арнайы сөздікті анықтап алу маңызды. Ең алдымен «аймақ» ұғымын.

Шетелдік және біздің ғылыми әдебиетте өңірлік ғылымның анық анықтамасы жоқ. Бұл сөзсіз, Қазақстанда және шет елдердегі өңірлік зерттеулер бағыттарының және методологиялық концепциялардың әр алуандығы себептерінен. Мысалы, «аймақ» ұғымының жүзден аса түсіндірулері бар. Экономикалық әдебиетте барлығынан жиірек аймақтың екі ұғымы кездеседі.

«Аймақ» және «аудан» ұғымдарының арасында жиі теңдік белгісі қойылады. Міне осыдан да ұғым анықтамасы екі жақты. Мысалы, Кожурин Ф. «өңірлік басқару мен болжауды толық жетілдіру» кітапшасында «біріншіден, аймақ ұғымында елдің географиялық шарттармен ерекшеленетін табиғи мамандандырылған бөлігін түсіндіреді. Бұл аудандар өндіріс – техникалық, дәл осылай экономикалық жағынан салыстырмалы тұйық болып келеді. Екінші ұғым, елдің әкімшілік бөлу бірлігі: облыс, қала» көрсетеді [5].

Өңірлік экономика облысындағы белгілі маман Некрасов Н. «өзін-өзі басқару мен болжау», яғни әкімшілік-территориялық бөлу категориясын назарға қабылдамай, аймақты әлеуметтік-экономикалық позициядан анықтап қарайды. «Аймақ астында елдің ірі аумағы, біршама біркелкі табиғи шарттармен, ал ең алдымен өндіріс күштерінің дамуы мінездемелі бағыттылығымен және перспективалы әлеуметтік инфражүйемен ерекшеленеді» - дейді [5].

Біздің көзқарасымызша әлеуметтік-экономикалық басқару мен болжау мақсаттарына келетін «аймақ» ұғымының анықтамасы: «аймақ – өндірістің белгілі құрылымын сипаттайтын, әр түрлі меншік түрлері бар, халық концентрациясы, жұмыс орындарды, сонымен қатар адамдардың белгілі бір рухани өмір ережелері бар; өңір тұрғындарының тіршілігін жеңілдететін өзін-өзі басқару мен болжау және жергілікті басқару мен болжау органдары бар әлеуметтік-экономикалық кеңістік» [6].

Тәуелсіз мемлекеттің өңірлік саясаттың айқын проблемасын анықтауы заңды болып келеді. Бұл саясаттың негізі өндіруші мен тұтынушының экономикалық және шығармашылық қызметіне бостандық беру. Ақыр соңында, тауар өндіруші тиісті экономикалық жауаптылықты ведомствоның алдында емес, тек қана тұтынушының алдында тартады.

Өңірлердің және шаруашылық етуші бірліктердің өздігінен дамуына арналған міндетті шарттары өзін-өзі басқару мен болжау, серіктерді таңдау бостандығы, өндіріс құралдары нарығы, валюталық құралдар және демонополизацияланған шаруашылық етудің басқа элементтері болу тиісті. Өңірлік басқару мен болжау облыстардың және республиканың бірбүтін ерекшеліктерінің барлық түрлерін барынша есепке алады.

Әрине, әртүрлі салалардың дамуына деген аймақтың мүдделілігі бірдей емес. Жекеше, өңірлер мемлекетке қарағанда қоршаған ортаны қорғауға, өз аймағында дамыған әлеуметтік инфрақұрылымды құруға үлкен мөлшерде мүдделілігін танытады.

Өңірлік мүдделер құрылымы екі бөлікке бөлініп қарастырылуы мүмкін: тікелей және жанама. Тікелей құраушысы өз құрамына аймақтың қажеттілігін бейнелейтін компоненттерді қосады: тұрғындардың өмір сүру шарттарының оптималдылығын қамтамасыз ету, халық қолданатын тауарларына деген қажеттілікті қанағаттандыру, қолайлы экологиялық жағдайды құру, әлеуметтік инфрақұрылымның қамсыздандырылған деңгейін жоғарылату. Жанама құраушысы өз құрамына аймақ құрамына жүйеасты ретінде кіретін жоғары деңгейдегі жүйелердің қажеттілігін бейнелейтін компоненттерді қосады.

Аймақ мүддесінің құрылымын да мынадай екі жақты бөліп қарастыруға болады. Біреуі (заттық) – кәсіпорындар мен мекемелер әрекетінің нәтижесі, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілері, табиғи орта ресурстарын қолдану және т.б., басқасы (әлеуметтік-экономикалық) – материалдық және рухани игіліктерді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтытудағы қоғамдық қарым-қатынастар.

Аймақтың мүддесін жүзеге асырудағы қазіргі жаңа кезең территорияның өзін-өзі басқару мен болжау және өзін-өзі қаржыландырылуының бүтін жүйелерін құруменен сипатталады. Бұл жағдайда өңірлік мүдделердің ортақ субъектісі ретінде сол аймақтың барлық тұрғындары алға шығады, олардың өкілі болып жергілікті өзін-өзі басқару мен болжау органы табылады [6].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жолы – 2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы, 2012, желтоқсан.

2. «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің № 167 Жарлығы, - 2006, тамыз

3. Алдияров С. Базовые социально-экономические индекаторы регионов Казахстана и методика комплексной оценки их развития //Транзитная экономика, 2014 - №1, с.81-82

4. Шнипер П.И., Новоселов А.С. Региональные проблемы рынковедения: экономический аспект. – Новосибирск, Наука, 1993.-428 с.

5. Алдияров С. Қазақстан аймақтарының негізгі әлеуметтік-экономикалық индикаторлары және дамуды жалпы бағалау әдісі /С.Алдияров, К. Кабдуалиева, Л. Елеусиз // Транзиттік экономика. - 2013. - №1. - б. 81-86.

6. Айтаханов Е. Қазақстан Республикасының аймақтық дамуының жоспарлау процесстерін басқару проблемалары /Е. Айтаханов //Вестник, Эль-Фараби ат.КазГУ. Сер. экон. - 2012. - №2(30). - б. 12-15.

Мусиров Г.¹, Қасен Т. Ә.¹

¹ Учреждение «Баишев университет»

РЕГИОНАЛЬНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ КАК ОБЪЕКТ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ

Аннотация

В статье рассматривается проблема экономического развития регионов Казахстана как объекта социально-экономического развития. Также с факторной точки зрения рассматриваются вопросы региональной экономической политики, координации работы государственных органов в области регионального развития, реализации государственных и отраслевых

программ, решения приоритетов регионального развития, улучшения условий жизни в регионе, а также социальных, экономических, экологических проблем.

Ключевые слова: *региональная экономика, региональная политика, регион, экология, конкурентоспособность, экономический потенциал, социальный дисбаланс, региональное развитие, экономический прагматизм, территориальное развитие, национальная экономика, самоуправление, самофинансирование.*

*Mussirov G.¹, Kasen T.A.¹
¹Baishev University*

REGIONAL POTENTIAL AS AN OBJECT OF SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT

Abstract

The article deals with the problem of the economic development of the regions of Kazakhstan as an object of socio-economic development. Also from a factor point of view, issues of regional economic policy, coordination of state bodies in the field of regional development, implementation of state and sectoral programs, addressing the priorities of regional development, improving living conditions in the region, as well as social, economic and environmental issues are considered.

Keywords: *regional economy, regional policy, region, ecology, competitiveness, economic potential, social imbalance, regional development, economic pragmatism, territorial development, national economy, self-government, self-financing.*

МРНТИ 06.81.19

*Салыков Г.С.¹.
¹«Бәйішев университеті» мекемесі*

ӨНДІРІСТІК - ҚОЙМА ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Аннотация

Өндірістік материалдық-техникалық жабдықтау мен қойма шаруашылығын ұйымдастыру және жоспарлау қарастырылған. Бұнда өндірістік логистика шаруашылығы, теориялық негіздемелері және Қазақстандағы қазіргі логистикалық ахуалдары берілген. Логистика термині, теориялық логистика аспектілері өндірістік үрдісті қамтамасыз ету, материалдық құндылықтарды бөлу, жүк тасу және тасымалдау, қоймада жинақтау сияқты материалдар қарастырылған.

Кілт сөздер: *Қойма, өндіріс, логистика, тауар, сервис, жүк, қосалқы қорлар, жүйе, басқару, ұйымдастыру.*

Қазіргі оқу үрдісінде студенттер «Өндірістік менеджмент» пәнін оқиды. Осы оқу құралында «Материалдық - техникалық жабдықтау мен қойма шаруашылығын ұйымдастыру және жоспарлау» дәріс сабағы қарастырылған. Мұнда қойма шаруашылығының негізгі міндеттері, атқаратын функциялары, мақсаттары мен жоспарлау жүйесінің параметрі қарастырылған. Бірақ өндірістік логистика пәнімен салыстырғанда логистиканың мақсаты, атқаратын міндеттері, ұйымдастыру қызметтері, үйлестірушілік көрсеткіштері, функциялары, қағидалары біртұтас жүйесін құрайды. Бұнда көлемді және күрделі материалдар қарастырылған. Ғылыми-техникалық ілгерілеу, жекелей алғанда, логистикалық жүйенің барлық қатысушыларының күшін жоғары дәрежеде пайдалануға және өңдеуге мүмкіндік беретін басқаруды компьютерлендіру, телекоммуникациялық жүйелерді өңдеудің заманауи логистикалық технологияларын енгізу және логистикалық орталықтарын ақпараттық-компьютерлік логистикалық қолдану жүйесін игере бастады. Сондықтан «Өндірістік менеджмент» пәнінің қойма шаруашылығын өндірістік логистикалық пәнімен ұштастырып, оқу үрдісіне енгізілуі керек.

Концептуалдық әдістемелерге және ойлау әдістеріне негізделген «логистика» атты жалпы ұғымға біріккен ұйымдастыруымен басқарудың жаңа принциптері аса тиімді жұмыс істеп жатқан кәсіпорындардың, фирмалардың және бірлестіктердің тәжірибесінде аса жоғары дәрежеде және табысты қолданылуда.

«Логистика» термині гректің «logistike» сөзінен шыққан, ол байымдау, дәйекті шешімдер қабылдау, практикалық есептеулер жүргізу шеберлігі деп аударылады. Логистика әдістері, өзіне экономикалық қызметтердің әр түрлі аспектілерін, оның әр түрлі дәуірлері мен кезеңдерін, ұйымдастыруды және басқаруды біріктіреді. Логистика тасымалдауды, қоймалауды және де басқа материалдық, материалдық емес, шикізаттармен материалдарды және шала фабрикаттарды өңдеуге қатысты операцияларды жоспарлау, бақылау, және басқару жөніндегі ғылым. Басқару пәндерін зерделеу, зерделейтін үрдістерге сәйкес оларды бөлуді және нақтылауды қажет етеді. Алайда, ХХ ғасырдың 60 - 70ші жылдарының өзінде экономикасы дамыған елдерде өндіріс пен айналыс шығындарын қысқарту мақсатында материалдарды және онымен байланысты ақпараттық ағындарды басқару негізгі пән болып саналған логистика ғылымы кеңінен пайдалана бастады. Осы кезде логистика жеке пән, сондай - ақ, жеке қызмет түріне бөлінеді. Қазіргі экономикалық әдебиетте көбінесе «менеджмент» терминімен ұштастырылады және соның салдары ретінде логистикалық менеджмент жеке пәнге бөлінеді. Теориялық логистика аспектілері өндірістік үдерісті қамтамасыз ету, тікелей өндіріс, сондай - ақ тауар - материалдық құндылықтарды бөлу мәселелеріне баса назар аударады. Тауар - материалдық құндылықтардың физикалық орын ауыстыруымен (жүкті тиеу - түсірумен байланысты жұмыстар, қоймада жинақтау, тасымалдау және т.б.) тікелей байланысты операциялардан өзге, логистика сондай - ақ: тапсырысты рәсімдеумен байланысты операцияларды; көлік - экспедициялық қызмет көрсетумен байланысты операцияларды; оңтайлы көлік бағыттарын, ТМҚ-ны

сақтау орындарын, қосалқы қорлар мөлшерлерін анықтауды және т.б. зерделейді.

Логистиканың басты мақсаты - бұл қажетті жүкті, қажетті сапада, қажетті санда, қажетті уақытта, қажетті жерге ең аз шығындармен жеткізу. Осы мақсаттарға сүйене отырып: ауқымды жалпы өзгешелікті деп үш топқа бөліп қабылдаған, логистиканың міндеттері айқындалады. Өзгермелі нарықтық орта жағдайларында ең аз шығындармен жоғары нәтижеге жету - логистикадағы ауқымды міндеттер болып табылады.

Өндірістік логистика материалдық өндіріс аясында болып жатқан үдерістерді зерттейтін логистиканың функционалдық салаларының бірі болып саналады. Ықпалдасқан логистика тұжырымдамасы өндірістік үдерісті, материалдық ағындардың өнім берушіден тұтынушыға дейінгі қозғалу кезеңіндегі үдерістерінің құрамдас бөліктерінің бірі ретінде қарастырылады.

Өндірісті ұйымдастыру тұрғысынан: дәстүрлі және логистикалық екі негізгі тұжырымдама болып бөлінеді. Өндірісті ұйымдастырудың логистикалық тұжырымдамасына мынадай негізгі ережелер кіреді:

Артық қосалқы тауарлардың бас тарту;

Негізгі және көлік - қойма операцияларын орындау үшін асырылып көрсетілген уақыттан бас тарту;

Сатып алушылар тарапынан сұраныс жоқ өнімдерді жасаудан бас тарту;

Жабдықтардың жұмыссыз бос тұрып қалуын болдырмау;

Ақауды толық жою;

Шикізаттың, материалдардың жартылай фабрикаттардың өндіріс ішінде ұтымсыз орын ауыстыруын жою;

Өнім берушілердің қарсыластар болуымен толыққанды серіктестерге айналуы;

Бұл позициялардан көрініп тұрғандай, өндірісті ұйымдастырудың дәстүрлі тұжырымдамасы қиындықсыз жүзеге асыруға болатын өнімдерді өндіруді барынша өрістетуді қарастыратын сатушы нарығының жағдайларына көбірек дәл келеді.

Логистика тұрғысынан шығындарды азайту, өнімдердің сапасын арттыру және материалдық ағымдар мен аяқталмаған өндірісті басқару, өндірістік үдерісті неғұрлым тиімді басқарудың мақсаты болып саналады. Бұл ретте өндірістік логистика міндеттерін орындау жекелей алғанда:

Дайын өнімдерді шығарудың нақты кестесін жасай отырып, жедел - күнтізбелік жоспарлау;

Сапаны жалпы басқару;

Материалдық ресурстарды жеткізуді стратегиялық және жедел жоспарлау;

Өндірістік қойма шаруашылығын ұйымдастыру.

Қазақстандағы логистиканың дамуындағы басым бағыт оны транспорттық кешенде қолдану болады. Халықаралық жүк тасымалына қатысатын отандық транспорттық және экспедициялық кәсіпорындар тасымалдау және жүк; жүк тасымалдаудың интер; мультимодальдық және терминалдық жүйелері, «Нақты уақытында» және «Есіктен-есікке дейін» тасымал технологиялары, жүк

тасымалдау, алып барудың заманауи телекоммуникациялық жүйелері өңдеудің өңдеудің заманауи логистикалық технологияларын енгізу керектігін түсінді. Ірі Қазақстандық мемлекеттік немесе жеке транспорттық және экспедиторлық кәсіпорындар өздерінің терминалды желілерін, жүк таратушы және логистикалық орталықтарын, ақпараттық-компьютерлік логистикалық сервисті қолдау жүйесін шығара бастады.

Тауарды жер шарының кез келген нүктесіне жеткізуді басқаруды заманауи логистикалық концепциясын тұтынушы сервисінің орнынан қарағанда, былайша қарастыруға болады: «Керекті тауар белгілі сапасымен және санымен – белгіленген уақытта және минималды шығындармен, керек жерге жеткізіледі». Соның ішінде шығындар тауарды өндірудің өз бағасы ретінде және де әлемдік өткізу жүйелерінде тауар шығарушы және сауда делдалдарының физикалық таратылуымен логистикалық операциялар шығындарына байланысты. Логистикалық шығындар құрылымында транспорттық шығыны 20%-дан 70%-ға дейін құрайды, сондықтан транспорт глобалды логистикалық жүйенің құрылуында орасан зор рөл атқарады.

Қазақстан үшін оның үлкен территориясымен қайта шығарудың жергілікті ерекшеліктері, соның ішінде жергілікті транспорттық факторлар: транспорттық коммуникациялар, сол аудандағы транспорттық және транспорттық-экспедициялық кәсіпорындар, транспорттық түйіндер, терминалдар және т.б. маңызды орын алады. Әрбір ауданының экономикасының қолдану саласында қандай да бір логистикалық функцияларды атқаратын кәсіпорындардың үлкен тобы жұмыс жасайды: транспорттық фирмалар, көтерме сауда делдалдары, банктер, транспорттық-қоймалық кешендер, жүктік терминалдар және т.б.[2]

Қазақстандағы логистиканың дамуының осы келешегі бар бағыты «Қазақстан-2030» жолдауында өз орнын тапқан. Ол жерде **Н.Ә.Назарбаев** былай деген: «**Транспорттық ағымдар шығыстан батысқа және керісінше тарихи біздің еліміздің территориясы арқылы өткен бүгінгі күні де тоқтамады. Қазақстанның мақсаты отандық транспорттық коммуникациялық кешенді әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті ету және біздің территориямыздан өтетін сауда ағымын көбейту.** Дүние жүзінде танымал, кең қолданылатын ЛТ, KANBAN, MRP, DRP, ROP, QR, CR, AR, LEAN PRODUCTION және т.б. концепцияларын Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының ерекшеліктерін ескере отырып, енгізу, жетілдіру жақсы болар еді.

Бұл сала белгілі жағдайда дамыған және ұзақ уақыт бойы шоғырланған өсу стратегиясымен жүру керек, ұлттық диверсификацияда және жаңа нарықтық іздеуге негізделеді. Олар біздің транспорттық және коммуникациялық қызметімізді пайдаланады. Бұл стратегия автомобиль құрылысы, туризм, сервис жүйесі, жол және капиталдық құрылыс және отандық өнімнің өз бағасының төмендеуіне әсер ететін болады».

Қазақстандағы логистиканың басқа да болашағы бар даму бағыттары алдағы жылдары оны ұйымдастыруда және ішкі өндірістік жүйелердің өнеркәсіптік кәсіпорындарда жетілдіруде, тұрмыстық және материал жүргізуші

байланыстарда технологиялық кешендерде және экономикалық аудандарда жақсарту үшін пайдаланылады. Біздің елімізге басқа шетелдік капиталистік елдерде логистиканың тарихи жолды қайталаудың қажеті жоқ. Олардың жинаған тәжірибесін және өзіміздің потенциалды пайдалана отырып, біз тез қарқынмен заманауи логистикалық көзқарасты және отандық бизнестегі нарықтық бағытталған құрылымдардағы жүйені енгізуіміз керек.

Қазіргі таңда Қазақстандағы логистиканың дамуы нарық заңдары мен қағидаларынан туындағандай логистиканы игеру және оны кәсіпорындағы басқару жүйесімен бірігуі нарықтық экономиканың даму деңгейін көрсетеді. Нарықтағы қатаң бәсеке, халықтың төлем қабілеттілігінің төменділігі, кәсіпорынның айналым құралдарының жеткіліксіздігі, өндірістік шығындардың үнемі өсуі отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін төмендетіп, өткізуді қиындатуда.

Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының негізгі даму бағыттары – бұл «сатып алу- тасымалдау-қоймалау-өткізу» логистикалық жүйенің негізгі элементінің үйлесімін икемді және тиімді түрде жұмыс істеуін қамтамасыз ету механизмін құрастыру болып табылады.

Қазақстанның көптеген мемлекеттік және жеке меншік кәсіпорындары белсенді түрде өздерінің терминалды желіні, жүкті бөлшектеу және логистикалық орталықтарды, ақпараттық-коммуникациялық қамтамасыз ету логистикалық қызмет көрсету жүйелерін құра бастады. Осындай кәсіпорындардың бірі «Higt Tech Logistic» БК ЖШС, кәсіпорын осындай мәселелерді шешіп, Қазақстандағы логистикалық қоймалау нарығының бірден бір көшбасшысына айналды.

Қазіргі кезде Қазақстан территориясында жол бойы сервисі қолға алынды. Ақтөбе облысы көлік логистика жүйесін дамытуда қолайлы өңір. Себебі, облыс аумағында Батыс Еуропа, Батыс Қытай халықаралық жоба іске асуда. Ақтөбе-Орск, Ақтөбе-Атырау автокөлік жолы Қарғалы ауданының аумағында жатыр. Ақтөбе-Атырау жолының бойында орналасқан Алға, Мұғалжар, Темір, Байғанин аудандары. Бұл аудандарда сервистік шаруашылығы дамымаған. Жол бойында жолаушылар тамақтанатын не көлігін жөндейтін қызмет көрсету орындары жоқ. Елбасы айтқандай: сұранысы жоқ мамандықтарды азайтып, сұранысы бар мамандықтарды оқу жүйесіне көптеп енгізу керектігін ұсынған. Сондықтан өндірістік логистиканы «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының таңдау пәні ретінде қарастырып өндірістік менеджмент пәнінің оқу үрдісіне енгізу – бұл жаңа мамандарды дайындауға керектігін талап етеді. Логистика шаруашылығын ұйымдастыру және басқару кадрлерін дайындау қазіргі кездің талабына сай. Қазақстан Республикасының территориясы арқылы халықаралық жобалар, Ұлы Жібек Жолы, Бір белдеу – бір жол «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» жобалары іске асуда. Бұл жобалар еліміздегі жұмыссыздықты азайтады және ҚР-ның экономикасының дамуына тиімді үлес қосуы мүмкін.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

- 1) Салықов, Ғ. Өндірістік менеджмент: оқу құралы / Ғ.Салықов, Н. Әжмұрат. – Астана: Foliant, 2015.
- 2) Күшікбаев К.Қ. Логистика негіздері: оқу құралы / К.Қ.Күшікбаев, К.А.Мырзабекова. - Алматы: Бастау, 2004.- 96 б.
- 3) Фатхутдинов Р.А. Производственный менеджмент: учебное пособие / Р.А. Фатхутдинов.- М.: ЮНИТИ, 1997.

Салыков Г.С.¹,

¹Учреждение «Баишев Университет»

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ОРГАНИЗАЦИИ ПРОИЗВОДСТВЕННО-СКЛАДСКОГО ХОЗЯЙСТВА

Аннотация

Предусматривается организация и планирование производственно-материально-технического снабжения и складского хозяйства. Здесь представлены хозяйство производственной логистики, теоретические основы и современные логистические ситуации в Казахстане. Термин логистика включает в себя теоретические аспекты логистики, такие как обеспечение производственного процесса, распределение материальных ценности, перевозка и транспортировка грузов, складирование на складе.

Ключевые слова: *склад, производство, логистика, товар, сервис, груз, запас, система.*

Salykov G. S.¹

¹Baishev University

IMPROVING THE ORGANIZATION OF PRODUCTION AND WAREHOUSING FACILITIES

Abstract

Planning and organization of production material and technical supply and warehouse facilities are provided. It presents the economy of production logistics, theoretical foundations and modern logistics situation of Kazakhstan. The term logistics includes theoretical aspects of logistics, such as ensuring the production process, the distribution of material values, transportation and transportation of goods, warehousing.

Key words: *Warehouse, production, logistics, goods, service, cargo, auxiliary resources, system.*

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

МРНТИ 34.31.15

Айтлесов К.К.¹, Аликулов З.А.¹¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**ФИТОРЕМЕДИАЦИЯЛЫҚ КӨГАЛДАРДЫ ТӨМЕН ЖӘНЕ
ОРТАША ДЕҢГЕЙДЕ АУЫР МЕТАЛДАРМЕН ЛАСТАНАТЫН
ТОПЫРАҚТАРДА ЖАСАУДЫҢ КЕЛЕШЕГІ****Аннотация**

Қалалық ортада фиторемедиациялық көгалдарды жасаудың келешегі қарастырылады. Қалалық топырақ көп мөлшерде ластауыш заттармен, негізінен ауыр металдармен ластанған. Қалалардың аумағында, жиі ауыр металдармен ластанатын топырақтардың аймағы қалыптасып жатыр. Бұл аймақтарға өнеркәсіптік кәсіпорындардың, қалалық автомобиль жолдарының, санкцияланбаған қоқыстардың ықпалы болып табылады. Осындай аймақтардың топырағында төмен немесе орташа ластану деңгейі бар. Оларды тазартудың ең перспективалы және тиімді әдісі фиторемедиация болып табылады. Қазіргі уақытта ауыр металдарға аккумулятор болатын отандық өсімдіктерге іздеу жүргізіліп жатыр. Әдеби мәліметтерді шолу негізінде фиторемедиацияға қабілеті бар түрлер көптеген шөпті өсімдіктер тобын бөледі, қалалық жерлерде ландшафтты көгалдандыру және шабындық көгалдарды жасау үшін пайдаланылады немесе пайдаланылуы мүмкін. Мұндай түрлерге қызыл бетеге *Festuca rubra* L., шабындық бетеге *Festuca pratensis* Huds., жайылымдық райграсс *Lolium perenne* L., кәдімгі тарғақшөп *Dactylis glomerata* L., қылтықсыз арпабас *Bromus inermis* Leys., құрғақ айрауық *Calamagrostis epigeios* (L.) Roth., шабындық беде *Trifolium pratense* L., сары түйежоңышқа *Melilotus officinalis* (L.) Pall., дала жоңышқасы *Medicago falcata* L. жатады. Аталған түрлер-фиторемедианттар ласталған топырақта өздерінің сәндігін жоғалтпай өсуге қабілетті, мерзімді шөп шабуға тұрақты. Олардан әрдайым жұмыс жасап тұратын фиторемедиациялық көгалдарды жасауға болады. Ол үшін әртүрлі фиторемедианттардан шөп қоспаларын топырақтың ластану ерекшелігін ескере отырып жасау қажет. Мұндай көгалдар қалалық ортадағы топыраққа әрдайым ластауыш заттар түсетін аумақтардағы төмен және орташа деңгейде ластанатын топырақтарды тазарту үшін қызмет ете алады.

Кілт сөздер: топырақтың ластануы, фиторемедиация, қалалық ортадағы фиторемедиациялық көгалдар.

Қалалық урбоэкожүйенің маңызды экологиялық мәселесі топырақтың ластануы болып саналады. Көптеген ластану көздерінің болуы, қалалық

ландшафттарға көп мөлшерде ластауыш заттардың түсуіне әкеледі. Сонымен қатар, қалалық топырақтарда топырақтың қалыптасу үрдісінің қалыпты жағдайы бұзылған, топырақтың өзін өзі тазарту жылдамдығы өте төмен және топырақты ластайтын ластауыштардың аз ғана бөлігі топыраққа түскенде, тотығады және бейтараптандырылады, олардың көпшілігі топыраққа жиналып, сонда ұзақ уақыт сақталады. Осылайша, қалаларда топырақтың жерасты суларына енуіне жол бермейтін әртүрлі ластағыштарды сіңіреді, ұстап тұрады және жинайды [1-3]. Ластауыштардың негізгі түрлері ауыр металдар, оның ішінде кобальт, никель, мыс, мырыш, кадмий, хром, қорғасын және т.б., сондай-ақ басқа бейорганикалық заттар (күкірт, фтор, шөмен шаңы) және әртүрлі органикалық қосылыстар болып саналады.

Ірі өнеркәсіптік орталықтарда ауыр металдардың көздері металлургия және машина жасау өнеркәсібінің кәсіпорындары, тыңайтқыштар жасау кәсіпорындары, пластмасса, құрылыс материалдары, полиграфиялық кәсіпорындар болып табылады. Мұндай кәсіпорындардың айналасындағы топырақтағы ластауыш заттардың жинақталу аймағы әртүрлі көздер бойынша 3-тен 20 км-ге дейін болуы мүмкін. Сондай-ақ ауыр металдардың көзі тұрмыстық қатты заттардың қалдықтары болып табылады. Қаладағы ластауыш заттардың 80% автокөліктерден келеді. Қалалық көлік жолдары 170-тен астам уытты ингредиенттердің көзі болып табылады. Бұл ауыр металдар, пестицидтер, мұнай және мұнай өнімдері, фенолдар, бензапирен, қорғасын тотығы, резенке, жолдың беті, қозғалыстағы бөлшектер мен механизмдер, пластмассалар, бояу. Шығарындылардың басым бөлігі жолдан 10-20 м қашықтықта жиналады, ал кішігірім бөлшектер 150, 300 м қашықтықта таралмайды [4].

Осылайша, қалалар аумағында, топырақтың үстіңгі қабатында (10 см-ге дейін) жиналатын бейорганикалық және органикалық табиғаттың ластауыш заттарының үздіксіз, тұрақты түсуімен сипатталатын аймақтар ерекшеленеді. Бұл аймақтарға өнеркәсіптік кәсіпорындардың, қалалық көлік артерияларының, қалалық жерлердегі жарма бойындағы, өзендердің бойындағы қоқыстардың әсері болып табылады. Бұл аймақтардың топырақтарында төмен және орташа ластану деңгейі бар. Мұндай жерлерде инженерлік рекультивациялау әдісін қолдану және топырақты тазарту тиімді емес.

Жұмыстың мақсаты - қалалық ортада фиторемедиациялық көгалдарды жасаудың келешегін қарастыру.

Топырақты тазартудың перспективалық жолдарының бірі дәстүрлі фиторемедиация - жоғары сатыдағы өсімдіктер көмегімен топырақ тазалау болып саналады. Фиторемедиация технологиясын тек төмен және орташа деңгейдегі топырақтың мобильді ауыр металдардың ластану деңгейінде қолдануды ұсынады. Ластанудың жоғарғы деңгейінде шөптесін өсімдіктер өледі, фитомассаның жинақталуы төмендейді және бұл әдісті пайдалану тиімді болмайды. Фиторемедиация үшін ластауыш заттардың жоғары деңгейіне төзімді және оларды топырақтан шығарып, өздерінің тіндерінде жинақтай алатын өсімдіктерді қоданады [5,6]. Бұл әдіс қазіргі кезде бұрын жинақталған

қоршаған ортаға келтірілген зиянды жою үшін - ауыл шаруашылық топырақтарын тазалау, тұрмыстық қатты заттардың қалдықтарын және әскери полигондарды жою үшін кеңінен қолданылады. Сонымен бірге оның қалалық ортаның топырағына ластаушы заттардың ауқымды түсу аумағына қолдану келешегі қарастырылмайды.

Қазақстанда фиторемедиацияға деген қызығушылықтың артуына байланысты, ауыр металдардың аккумуляторы - өсімдіктерді іздестіру белсенді жүргізіліп келеді. Зертханалық және далалық зерттеулер арқылы мұндай қабілет көптеген біржылдық және көпжылдық, мәдени және жабайы, ағаш, бұта және шөптесін өсімдіктерде байқалды. Фиторемедиацияның активті (жыл сайынғы егістік және толық біржылдық өсімдіктер-фиторемедианттарды жою) және пассивті (тұрақты түрде жерасты фитомассаларды алып тастау арқылы көпжылдық фиторемедианттарды өсіру) әдістері әзірленді.

Түрлі авторлардың көптеген зерттеулерінің нәтижелерін талдау және жалпылау негізінде анықталған түрлердің маңызды тізімінен фиторемедиацияға қабілетті көпжылдық шөптесін өсімдіктерді қалалық ортада шабындық көгалдарды жасау үшін қолданады. Мұндай түрлерге қызыл бетеге *Festuca rubra* L., шабындық бетеге *Festuca pratensis* Huds., жайылымдық райграсс *Lolium perenne* L., кәдімгі тарғақшөп *Dactylis glomerata* L., қылтықсыз арпабас *Bromus inermis* Leys., құрғақ айрауық *Calamagrostis epigeios* (L.) Roth., шабындық беде *Trifolium pratense* L., сары түйежоңышқа *Melilotus officinalis* (L.) Pall., дала жоңышқасы *Medicago falcata* L. [7-17] жатады.

Тізімделген түрлер - фиторемедианттар әлсіз және орташа ластану деңгейі бар топырақтарда өзінің сәндігін жоғалтпай, маңызды биомассаны қалыптастыруды және кейбір мәліметтер бойынша ластанған топырақтан шамамен 1000 мг/кг кг ауыр металдарды шығаруға қабілетті. Бұдан басқа, олар мерзімді шөп шабуға төзімді. Ластанған аумақтарда мұндай түрлерден әрдайым жұмыс жасап тұратын фиторемедиациялық көгалдарды жасауға болады, фитомассаны жойып және сәйкесінше қайта өңдейді. Мұндай көгалдар топырақты түбіне дейін тазалайды, орташа шамамен 0,7 м, қалалық топырақты фиторемедиациялауға жеткілікті [7].

Барлық металдардың концентрациялай алатын өсімдіктер жоқ. Әрбір өсімдік екі-үш, сирек төрт элементтен жинайды. Сондықтан фиторемедиациялық көгалдарды жасау үшін әртүрлі фиторемедианттардың түрлерінен шөп қоспаларын топырақтың ластану ерекшелігін ескере отырып, жасау қажет. Мысалы, топырақтың, негізінен ластаушы заттары мырыш, қорғасын, мыс болып саналады, шабындық фиторемедиациялық көгалдарды жасауға болады, олардың құрамына қызыл бетеге, шабындық бетеге, жайылымдық райграсс, кәдімгі тарғақшөп, сары түйежоңышқа, шабындық беде, кәдімгі мыңжапырақ кіреді.

Көгалдыруға қолданылатын әртүрлі шөптердің түрлерінің фиторемедиациялық қабілетін зерттеуі қазіргі уақытта толық жүргізілген жоқ. Мақсатты түрде қалалық ортада мұндай көгалдарды жасау тиімді болады. Жалпы алғанда фиторемедиациялық көгалдарды жасау төмен және орташа

деңгейде ауыр металдармен және фтормен ластанатын топырақтарды тазалау үшін перспективалы болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мозолевская Е.Г., Липаткин В.А., Шарапа Т.В. Оценка состояния насаждений лесопарков Московского городского управления лесами на территориях, примыкающих к Московской кольцевой автомобильной дороге (лесопатологический мониторинг). М.: МГУЛ, 1999. 48 с.

2. Муравьев А.Г., Каррыев Б.Б., Ляндзберг А.Р. Оценка экологического состояния почвы / под ред. А.Г. Муравьева. Санкт-Петербург: Крисмас+, 2008. 216 с.

3. Дабахов М.В. Экологическая оценка техногенно загрязненных почв урбанизированных территорий и промышленных зон г. Нижнего Новгорода: автореф. дис. ... д-ра биол. наук. 2012. URL: <http://www.dissercat.com/content/ekologicheskaya-otsenka-tekhno-genno-zagryaznennykh-pochv-urbanizirovannykh-territorii-i-prom> (дата обращения 22.04.2019).

4. Джувеликян Х.А. Экологическое состояние природных и антропогенных ландшафтов центрального черноземья: автореф. дис. ... д-ра биол. наук. Петрозаводск, 2007. URL: <http://www.sevin.ru/fundecology/news/DDisDzhuvelikyapdf> (дата обращения 22.04.2019).

5. Серегин И.В., Кожевникова А.Д. Механизмы гипераккумуляции и устойчивости растений к тяжелым металлам // Всероссийский симпозиум «Экология мегаполисов: фундаментальные основы и инновационные технологии». Москва, Институт физиологии растений им. К.А. Тимирязева РАН, 21–25 ноября 2011 г. М.: Лесная страна, С. 131. URL: http://www.ippras.ru/society_physiologists_plants/ssk/ecomeg2011/Book_ecomeg2011.pdf (дата обращения 22.04.2019).

6. Агибаева А.К., Алтынсариев А.Ж., Сембиева А.А. Фиторемедиация почв, загрязненных токсичными отходами металлургического производства. URL: <http://vestnik.kazntu.kz/files/newspapers/57/1860/1860.pdf> (дата обращения 22.04.2019).

7. Крупкин П.И. Пути рационального использования почв, загрязненных фтором // Агрохимия, 2005. № 3. С. 79–87.

8. Полонский В.И., Полонская Д.Е. Фторидное загрязнение почвы и фиторемедиация // Сельскохозяйственная биология, 2013. № 1. С. 3–14.

9. Линдиман А.В. Процессы миграции свинца и кадмия в системе «почва-растение»: автореф. дис. ... канд. хим. наук. URL: http://discollection.ru/article/17032009_lindiman_anastasija_vasil_evna_85955/2 (дата обращения 22.04.2019).

10. Николаева Н.С., Семиколенова Л.Г. Оценка возможности использования разных видов растений для очистки почвы, загрязненной тяжелыми металлами. URL: <http://shmain.ru/nauchnye-stati/nikolaeva-n-s-semikolenova-l-g-ocenka-vozmozhnosti-ispolzovaniya-raznykh-vidov-rastenij-dlya-ochistki-pochvy-zagryaznennoj-tyazhelymi--metallami.html> (дата обращения 22.04.2019).

11. Васильева Т.Н. Фиторемедиационные аспекты загрязнения урбанизированных почв Оренбурга: автореф. дис. ... канд. биол. наук. Оренбург, 2011. URL: <http://earthpapers.net/fitoremediatsionnye-aspekty-zagryazneniya-urbanizirovannyh-pochv-orenburga> (дата обращения 22.04.2019).
12. Бганцова М.В. Использование горчицы сарептской и райграса пастбищного для фиторемедиации загрязненных свинцом почв // Вестник Томского государственного университета, 2009. № 324. С. 350–353.
13. Андреева И.В., Байбеков Р.Ф., Злобина М.В. Фиторемедиация почв, загрязненных тяжелыми металлами // Природообустройство, 2009. № 5. С. 5–10.
14. Кудряшова В.И. Аккумуляция тяжелых металлов дикорастущими растениями: автореф. дис. ... канд. биол. наук. Саранск, 2003. URL: <http://earthpapers.net/akkumulyatsiya-tyazhelyh-metallov-dikorastuschimiras-teniyami> (дата обращения 22.04.2019).
15. Пырина И.В., Назаров А.В., Плюснин С.Д. Фиторемедиация нефтезагрязненной почвы с высоким содержанием свинца // Вестник политехнического университета. Сер. Химическая технология и биотехнология, 2009. Т. 10. С. 72–77.
16. Маджугина Ю.Г., Кузнецов В.В., Шевякова Н.И. Растения полигонов захоронения бытовых отходов мегаполисов как перспективные виды для фиторемедиации // Физиология растений, 2008. Т. 55. № 3. С. 453–463.
